

Исламдандыру тўрғысынан білім ықналдастығына дейін

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТҮРЛЕНДІРУДІ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУ



RETHINKING REFORM *in* HIGHER EDUCATION

From Islamization to Integration of Knowledge

ZIAUDDIN SARDAR & JEREMY HENZELL-THOMAS

ІІТ «Қысқаша кітаптар топтамасы»

ИСЛАМДАНДЫРУТҰРҒЫСЫНАН БІЛІМ ҢҚПАЛДАСТЫҒЫНА ДЕЙІН

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТҰРЛЕНДІРУДІ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУ

Зиауддин Сардар мен Джереми Хензелл-Томас

Қысқартқан Скотт Джордан



Халықаралық ислами ой институты

Бішкек 2023

УДК 297
ББК 86.38
С 20

Китап демеушілері:
Халықаралық ислами ой институты (ИИТ)
Херидон Вирджиния (АҚШ)
Білім интеграциясы институты (КИ)
Грузия Тбилиси

Кітаптың авторы: Зиауддин Сардар мен Джереми Хензелл-Томас
Кітапты қазақ тіліне аударған: Абуева Амина – Б.: 2023
Кітап редакторы: Каратаев Ерлан

Бұл кітап авторлық құқықпен қорғалған. Ұжымдық құқыққа рұқсаттық туралы келісімге қолданылатын заңды ерекшеліктер мен ережелерді қоспағанда, кітаптың бірде-бір бөлігі баспагердің жазбаша рұқсатынсыз кез-келген түрде көшіріле алмайды. Бұл кітапта айтылған көзқарастар мен пікірлер автордың көзқарасы және баспагердің пікірімен сәйкес келуі міндетті емес. Сыртқы және шетелдік веб-сайттар жағдайында баспагер URL мекенжайларының дұрыстығына жауап бермейді және мұндай сайттардағы мазмұнның дәл немесе маңызды болатындығына кепілдік бермейді.

«Ихсан Хайрия» Қоғамдық қоры тарапынан жарыққа шыққан

Қырғызстан діни мұсылмандары басқармасы №74

Исламдандыру тұрғысынан білім ықпалдастығына дейін: Жоғары білім берудегі түрлендіруді қайта қарастыру (Kazakh)

Зиауддин Сардар мен Джереми Хензелл-Томас
ИИТ «Қысқаша кітаптар топтамасы»

© Халықаралық ислами ой институты (ИИТ)
1444 АН/ 2023 СЕ
Paperback ISBN 978-9967-493-21-6

Rethinking reform in higher education (Kazakh)

Ziauddin Sardar, Jeremi Henszell-Tomas
ИИТ «Books-In-Brief Series»

The International Institute of Islamic Thought (IIIT)
1439 АН / 2018 СЕ
Paperback ISBN 978-1-56564-954-5
ИИТ
P. O. Box 669
Herndon, VA 20172, USA
www.iiit.org

Барлық құқықтар сақталған

ISBN 978-9967-493-21-6

УДК 297
ББК 86.38

Халықаралық ислами ой институтының “Қысқаша кітаптар топтамасы”

ХИОИ қысқаша кітаптар топтамасы – бұл оқырмандарға түпнұсқаның негізгі мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін жинақталған түрде жазылған Институттың негізгі басылымдарының құнды жинағы. Қысқа, оқуға жеңіл, уақытты үнемдемейтін пішімде шығарылған бұл реттілік үлкен көлемді басылымды мұқият қарап шығуды ұсынады және оқырмандарды түпнұсқаны әрі қарай зерттеуге ынталандырады деп үміттенеміз.

Жоғары білім берудегі түрлендіруді қайта қарастыру – бұл жалпы білім беру мақсаттарын қоса алғанда маңызды ойлардан туындаған келешектегі парадигманың («*парадигма*» (грек тілінде: *παράδειγμα* — «үлгі», «нұсқа», «өнеге») өзгеруі. Бұл қолданыстағы пәндерді түрлендіруді, жаңаларын шығаруды, сонымен қатар мұсылман қоғамның әдептік, рухани ережелерін тиімді түрде ескере отырып, өз кезегінде оның құрылымы мен рухани бірегейлігінің негізін құрайтын жетекші қағидағарға сәйкес жұмыс атқаратын қазіргі білім(дер) мен дәрістер жинақтарын қамту арқылы жұмыс істеуді талап етуі мүмкін. Мұсылман қоғамдарындағы жоғары білім түрлендірілуі бөлініс құрудан гөрі, қазіргі заманғы желілік әлемнің көп түрлілігі мен алуандығын мойындайды және білімдегі нәтижесіз және біркелкі тәсілдерді алуан түрлі негіздер мен әртүрлі мәдениеттерде өмір сүретін шындықты кеңірек және жасампаз түсінумен алмастыруға тырысады. Ұстамдылық, тепе-теңдік және тиімді қарым-қатынас – негізгі пәлсапаның басты ерекшеліктері болып табылады.

Зиауддин Сардар мен Джереми Хензелл-Томастың қысқартылған басылымы түпнұсқа

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТҮРЛЕНДІРУДІ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУ

ISBN hbk: 978-1-56564-982-8

ISBN pbk: 978-1-56564-977-4

2017-ші жыл

Түпнұсқа кітапқа кіріспе

Мұсылман қоғамдары барлық деңгейдегі білім дағдарысын бастан кешуде. Соңғы зерттеулердің көбісі жағдайдың қаншалықты бүлдіруші болғанын көрсетті. 2003-ші жылғы араб мемлекеттеріндегі адамдардың дамуы туралы есебінде араб қоғамдарындағы «білім тапшылығының» «ауыр» және «тамыры тереңде» екендігі көрсетілген; басқа мұсылман мемлекеттер туралы да осындай қорытынды жасауға болады. Жақында бірқатар зерттеу жұмыстары мен басқа басылымдар осыған ұқсас нәтижелерді жариялайды.

80-ші жылдардың басында ХИОИ өзінің жұмыс жоспарында «ғасырлар бойынша құлдырау мұсылмандар арасында сауатсыздықтың, нанандықтың және ырымшылдықтың таралуына себеп болды» және «бұл зұлымдықтар қарапайым мұсылманның соқыр сенімнің рақатына батуына, әріпшілдік және қасаңшылдыққа қарай ұмтылуына себеп болды» деп мәлімдеді. Институт осы зұлымдықтың негізгі себебі ретінде «зиятты және әдістемелік құлдырауды» анықтады, және біз мұны ақылдың да, жүректің де бас тартуы ретінде ары қарай да қарастыра алушы едік.

Соңғы бірнеше жылда ХИОИ мұсылман қоғамдарындағы білімнің жай- күйін талқылау және өміршең жолды белгілеу мақсатында бірнеше кездесулер өткізді. Осыдан кейін 2013-ші жылдың 9-шы және 10-шы желтоқсанында Уилсон орталығымен бірлесіп мұсылман қоғамдарындағы жоғары білім беруді түрлендіру бойынша екі күндік *симпóзиум* («*симпóзиум*») (латын тілінде: *symposium* көне грек сөзінен шыққан *συμπόσιον* – «думан-той») – жиналыс, ғылыми *конференция* («*конференция*») – латын тілінен аударғанда *confercio* етістігі «бір жерге жиналу» дегенді білдіреді) – жиналыс, белгілі бір тақырыптарды талқылау үшін ғылымның әртүрлі салаларындағы мамандардың, жеке тұлғалардың, ұйымдардың топтары) ғылыми мәселе бойынша (әдетте әртүрлі елдердің өкілдерінің қатысуымен) белгілі бір/бірнеше ғылыми топтың/топтардың жиналысы) өткізілді.

Одан әрі қарайғы қарқынды талқылаулар Ұлыбританиядағы ХИОИ отырыстарында өтті және бірқатар қорытындыларға әкелді. Адам баласы саяси, әлеуметтік, экономикалық және жантанулық тұрғыда жеке-жеке зерттелуі тиіс басқа түр сияқты әлеуметтік ғылымдар шындықты бөлшектегені үшін жалпы қатты сынға ұшырағаны атап өтілді. Сондай-ақ, білім берудің, оның ішінде жоғары білімнің дағдарысы тек мұсылман қоғамымен шектеліп қалмағандығы түсінікті болды. Батыстағы жоғары білім де қиын жағдайда, дегенмен мұндағы дағдарыс басқа сипатта. Гарвард колледжінің бұрынғы деканы Гарри Р. Льюис бұл туралы өзінің «Жансыз шеберлік: ықтиярлы білімнің болашағы бар ма?» кітабында қарастырды. Көптеген басқа да мәселелер кітаптар мен қағаздарда айтылды.

Тағы бір тұжырым, жоғары білімнің жалпы мәселелері эпистемологиялық («эпистемология» (көне гректің ἐπιστήμη «ғылыми білім», «ғылым», «сенімді білім» + λόγος «сөз», «сөйлеу» сөзінен шыққан) – білімді, оның құрылымын, атқарымын, қызметін, дамуын зерттейтін пәлсапалық және әдістемелік пән. Көбінесе (әсіресе ағылшын тілінде) бұл сөз «гносеология» синонимімен, яғни бір мағыналы ұқсас сөзі ретінде әрекет етеді) және әдептік сипатта болады дегенге келіп тіреледі. Алға бастайтын жол бізден білімді ықпалдастық арқылы осы қиындықтарды шешуді талап етеді, бұл пәндік бірегейлікті және ашылған білімдерді адамның білім өндірісіндегі күш-жігерімен біріктіретін ойлаудың жаңа әдісін қайта қарауды қажет етеді. Басқаша айтқанда, бізге Құран дүниетанымына негізделген жаңа *парадигма* және *таухид* (Құдайдың бірлігі) іліміне және Құдай алдындағы жауапкершілік, өзінің жаны, адамзат баласы, барлық жаратылыстар мен табиғат алдындағы жауапкершілікке негізделген эпистемология қажет. Бұл *парадигма* ашық және адамзат біліміне мән береді және біздің қоғамдарымыздың алуан түрлілігі мен әралуандықты, сондай-ақ әлемді өзгертетін жаңа технологиялар мен жаңартпалардың жедел қарқындарын мойындайды.

Ұлыбританиядағы қарқынды кездесулерден кейін профессор Абдель-уәһәбу Әл-Әффәндиден білім беру түрлендірілуі туралы тұжы-

рымдамалық зерттеу жазуды өтіндік. Ол дайындаған зерттеу туралы доктор Джереми Хензелл-Томас түсініктеме жасады. Содан кейін екі мақала да жинақталып, профессор Зиауддин Сардардың «Исламдану-дан білім ықпалдастығына: жоғары білім берудегі түрлендіруді қайта қарастыру» атты мақаласында ары қарай дамытылды. Нәтижесінде алынған құжат, ХИОИ мен Ыстамбұл университетінің дінтану факультеті және МАНУА бірге 2016-шы жылдың 18-ші және 19-шы наурыз аралығында Түркияда ұйымдастырылған мұсылман қоғамдарындағы білім беруді түрлендіру жөніндегі конференцияда талқылау үшін таратылды. Талқылауға арналған мақала басқа үш мақалаға қосымша ретінде осы басылымға енгізілді. Бұл том «Мұсылман қоғамдарындағы жоғары білім беруді түрлендіру» (МҚЖБР) ХИОИ жобасының алғашқы басылымы және кейінгі қалыпты саясат және болашақты зерттеу орталығымен бірлесіп шығарылады.

Ыстамбұлда өткен «Мұсылман қоғамдарындағы білім беруді түрлендіру» конференциясы төрт негізгі тақырып аясында өткізілді:

- Ислам мұрасының табиғаты мен сипаттамасы және білім берудегі ислам әдепнамасы
- ХИОИ мұрасы мен білімін ықпалдастық мәселелері
- Білім берудің басым парадигмаларындағы мәселелер мен ағымдар
- Жаһанданған әлемдегі білім болашағы

Конференциядан кейін Ыстамбұл, Конья, Вашингтон, Лондон, Брюссель, Кейптаун және басқа жерлерде бірқатар дөңгелек үстелдер өткізілді. Мақсат бірқатар негізгі мәселелер бойынша терең талқылауды бастау, ұсыныстармен, сондай-ақ жақсы бастамалар мен тәжірибелердің мысалдарымен бөлісу және ақыр соңында тиімді жолды белгілеу болды. Соныме бірге университет ректорларымен, факультет декандарымен және әртүрлі елдердегі мүшелермен жеке-жеке пікірталастар өткізілді. Қазіргі қысқартылған басылымға, сондай-ақ түпнұсқалық толық басылымға қосымша ретінде, біз *The Postnormal Times Reader* атты басылым шығарамыз, оның қырлары білімге арналып. Кейінгі қалыпты саясат және болашақты зерттеу орталығымен бірлесе отырып шығарылатын болады.

Жалпы бұл түрлендірудің жобасы білім беру мақсаттарын қоса алғанда маңызды ойларға негізделген парадигманың өзгеруі болып табылады. Бұл қолданыстағы пәндерді түрлендіруді, жаңаларын шығаруды, сонымен қатар мұсылман қоғамның әдептік, рухани ережелерін тиімді түрде ескере отырып, өз кезегінде оның құрылымы мен рухани бірегейлігінің негізін құрайтын жетекші қағидаттарға сәйкес жұмыс атқаратын қазіргі білім(дер) мен дәрістер жинақтарын қамту арқылы жұмыс істеді талап етуі мүмкін. Мұсылман қоғамдарындағы жоғары білім түрлендірілуі бөлініс құрудан гөрі, қазіргі заманғы желілік әлемнің көп түрлілігі мен алуандығын мойындайды және білімдегі нәтижесіз және біркелкі тәсілдерді алуан түрлі негіздер мен әртүрлі мәдениеттерде өмір сүретін шындықты кеңірек және жасампаз түсінумен алмастыруға тырысады. Ұстамдылық, тепе-теңдік және тиімді қарым-қатынас – негізгі пәлсапаның басты ерекшеліктері болып табылады.

Осы томда ұсынылған ұғымдар мен ойлар зерттелген мәселелер бойынша одан әрі пікірталас пен талқылауды ынталандыратын шапшаңдатқыш рөлін атқарады деп үміттенеміз. Мақсат – жоғары білім берудің барлық салаларында «Мұсылман қоғамдарындағы жоғары білім беруді түрлендіру» жобасын байыта алатын және қолдайтын жаңа, іске асырылатын және іс-тәжірибелік ұсыныстар жасау. Біз зерттеушілер мен сарапшыларды өздерінің ойларын, сыни пікірлері мен өзіндік мағлұматтарын ұсыну арқылы осы ой-талқыға қатысуға шақырамыз.

*2018-ші жыл
Қаңтар айы*

Қоршаған ортаның картасын құрастыру

Зиауддин Сардар

Білім беру бетбұрыс кезеңінде; ол өзінің қазіргі тұжырымдамалық, зиятты, адамгершілік және ұйымдастырушылық қабілеттерімен өзін-өзі емдеуге қабілетсіз сәтке жетті. Білім беру дағдарыста. Бірақ дағдарыс жеке-жеке пайда болмайды. Бұл көптеген дағдарыстардың жемісі және олармен байланысты: дағдарыстық *эконóμικα* («*эконóμικα*» (ежелгі грек тілінен аударғанда *οἶκος* «үй», «үй шаруашылығы»; «үй шаруашылығын жүргізу» + *νόμος* «ном», «басқарудағы аумақ»; «ереже», «заң»; сөзбе-сөз – «үй шаруашылығын жүргізу ережелері») – шаруашылық қызмет, сонымен қатар өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну жүйесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Осы қызметтің нәтижесінде адамдардың тіршілігін қамтамасыз ететін игіліктер үздіксіз қайта өндіріліп отырады),¹ элеуметтік *деμοκράτια* («*деμοκράτια*» (ежелгі гректің *δημοκρατία* «*деμοκράτια*», яғни «халық өкіметі»; ежелгі гректің *δημος* «халық» + *κράτος* «билік» сөздерінен шыққан) деген сөздерінен шыққан, яғни «халық билігі» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады: 1) Мемлекет түрі. 2)Тендік, сайлау, көпшілік дауыспен шешім шығару қағидаларына негізделген ұйым түрі) дағдарысы,² адамгершілік биліктің дағдарысы,³ экологиялық («*экоλόγια*» (латын тілінде: *οἶκος* – «үй», «баспана»; *λόγος* – «ілім»)) – жеке ағзаның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ ағзаның деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің – популяциялардың, ағзалар қауымдастықтарының, экожүйелердің, биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым) дағдарыс және сенім дағдарысы. Жоғары білім берудегі дағдарыстың ауқымын толық түсіну үшін біз оны бірнеше, өзара байланысты дағдарыстар торының бір түйіні ретінде қарастыруымыз керек. Мұның бәрі біз сүйенген әдеттегі ұғымдардың бұзылғанын көрсетеді.

Жоғары білім дағдарысқа ұлттық мемлекеттің өзінің бұзылуы, ұлттық мәдениетті насихаттау мен қорғау көпшілік үшін маңызды болмай қалуы себепті ұшырады, ал жаһандану *эконóμικα*сы университеттің бұдан бы-

лай азаматтық пәндерді оқытуға арналмағандығын білдіреді. Нәтижесінде университеттер бірлестікке айналуға, ал мәдениеттің орны тамаша шеберлік діскурсымен алмастырылуға.

Білім дағдарысы туралы әдебиеттердің көпшілігінің астарында неолиберализмнің («неолиберализм» – либерализмнің, яғни ықтиярлықтың бір түрі, 1930-жылдары пайда болып, 1980-ші және 1990-шы жылдары ұғымнама ретінде қалыптасқан саяси және экономикалық пәлсапаның бағыты) күшеюі арқасында университеттердің үлкен бизнеске айналуы жатыр. Қазір әлемнің жетекші университеттері өздерін жаһандық серіктестермен, бірлескен кәсіпорындармен, бірлескен және ақша салымдық банктік қоғамдастықтармен байланыс орнатқан трансұлттық бірлестіктер ретінде ұстайды. Олар «деконструкцияланған» («*деконструкция*» (латын тіліндегі de- «жоғарыдан төменге» сөз тіркемесінен; «артқа» + *constructio* «құрылыс»; «мәнін түсіну») қазіргі заманғы пәлсапа мен өнердің тұжырымдамасы, таптаурынды жою немесе жаңа мәзмәтінге қосу арқылы түсінуді білдіреді), енді танымал адамдарға құлай берілетін бұқара үшін бағдарламалар мен мөлшерлерді жинақтайды.⁴ Білімді алу, беру және сақтаудағы университеттердің дәстүрлі рөлі жойылып, өздерінің тапсырыс берушілері мен тұтынушыларына қызмет көрсететін жеткізушінің рөліне алмастырылды.

Жетілдірілген технологияларды («*технология*» (ежелгі грек тілінен *τέχνη* «өнер», «шеберлік», «білік» + *λόγος* «сөз»; «ой», «мағына», «ұғым») – қажетті нәтижеге жетудің әдістері мен құралдарының жиынтығы; кең мағынада – тәжірибелік мәселелерді шешу үшін ғылыми білімді қолдану. Технологияға жұмыстың әдістері, оның тәртібі, әрекеттер реттілігі кіреді) қолданудың көбеюі университеттердің бірігуін толықтырады, сонымен қатар ілгерілік бос қиялын тудырады. Алайда, «сымды әлемде ақпарат битінің құны арзандауда, ал пайдалы биттің құны қымбат бола бастады». Компьютер мен бағдарламалау дағдылары бар сауатсыз адам әлі де сауатсыз. Тәлибтер тар шеңберлі мамандандырылған технологиялық дағдылар мен жоғары дәрежелерге ие болған кезде де жартылай сауатты болып қалады. Білімді, жоғары білікті және жоғары беделді түлектер-

ден құралатын бұл құрылым көрнекі қарқынмен кеңеюде және одан да күрделі тізбекті әсерлерді еске қосуда. Өзгерістер тез ғана емес, олар тез ұлғаюда. Мұның бәрі бір, бұлтартпас қорытындыға әкеледі: жоғары оқу орындары қазіргі әлеммен үндестірілмеген және «сатылым мерзімі» өткен. Шұғыл «білім беру парадигмасын өзгерту қажеттілігі бар».⁵

Университеттерді қайта қарастыру (немесе жоқ)

Дағдарыс жоғары білім саласының өсуіне және кеңеюіне тосқауыл бола алмады. Бұл өсу халықаралықтандыру мен жаһандануға жатқызылады және олар нәтижелері әртүрлі екі үрдіс ретінде қарастырылады.⁶ Халықаралықтандыру халықаралық ынтымақтастықтың өсуіне, соның ішінде тәлімгер мен қызметкерлер ұтқырлығына, бірлескен зерттеулерге және оқу бағдарламаларын әртараптандыруға әкелді. Жаһандану, анағұрлым күрделі және «ұғымнамалық тұрғыдан күдікті» үдеріс, жаңықтиярлы нарықтық шеңберлерді зорлап міндеттейді, мемлекеттің жоғары білімге деген беделін түсіреді. Бұл үрдістер мемлекеттік қаржыландыруды қысқартуға алып келді,⁷ тәлімгердің саны мен төлемдері көбейді, оқу бағдарламаларын өзгертуге және оқытушылар құрамын ығыстыруға мәжбүр болды,⁸ сол екі арада онлайн тәртібінде және қашықтықтан оқыту бағыттарын енгізуге тұрақты түрде қысым жасалуда. Ақыр аяғында ақша табуға бағытталған білім беру үдерісін кеңейту мен жеделдетуге деген ұмтылыс университеттерді күрделі абыржулы күйде қалдырды.

Бұл түсінісбестікті ЕО-ның «Еуропалық жоғары білім беру жол торабында» жобасы жақсы көрсетеді. Ілгерілеу үшін ұсынылатын шешімдердің көпшілігі қалыпты және туынды болып табылады, дегенмен, бірнеше саяси ұсыныстар біршама өзгеше болып келеді. Біріншіден: «әлемдік білім эконóмикасы шеңберінде Еуропа алдында тұрған сын-қатерлерге» және Еуропадағы әлеуметтік теңсіздікке жауап ретінде дағдылар мен жұмысқа қабілеттілікке баса назар аудара отырып, оқу құрылымдардан оқу мәдениетке ауысу. Екіншіден: Еуропа мен әлем арасындағы өзгермелі серпіннің, эконóмикалық өзара тәуелділікті және шешуші саяси әрекеттерді мойындаудың және еуроцентризмнің мәдени қауіп-қатерлерінің нәтижесі ретінде болжамға баса назар аудару (болашақты зерттеулер деп

те аталады).⁹ Алайда, көріністің өзгеруін жете түсіну және әлеуметтік әділеттілік туралы алаңдаушылыққа қарамастан, университеттер әлі де басым (сәтсіздікке ұшыраған) эконóмикалық *парадигма* шеңберінде қайта қаралуда.

«Жол торабы» жобасының жалпы маңыздылығы мұсылман және дамушы елдердегі жоғары білімнің негізгі ақша салушылары болып табылатын Дүниежүзілік банк пен ХВҚ насихаттаған нәрселерден алысқа кетпеді. Осылайша, Дүниежүзілік банк пен ХВҚ жұмысына және пәлсапасына негізделген шақалық эконóмикалық нұсқаға әлі де назар аударылуда. Алайда, ХВҚ соңғы отыз жылдағы жаңа ықтиярлы күн тәртібі университеттерді «ықтиярлы зерттеу мамандықтарына» қызығушылық білдіретін венчурлық капиталистерге арналған супермаркеттерге айналдырды деп мойындады, өйткені оның тәжірибесінің құпия өнерін жұмыс орнында 30 күнде игеруге болады» және дәстүрлі білім берудің негізі «Penny Arcade Game» ойынындағы шақалар сияқты үстелдің шетіне және сыртына қарай біртіндеп ығыстырылуда».¹⁰ Дүниежүзілік банк сияқты мекемелердің үстемдігі жоғары білім түрлендірілуі көбінесе төменнен табиғи түрде пайда болмай, жоғарыдан зорлап міндеттеледі дегенді білдіреді.

Осы тығырықтан шығудың бір ықтимал жолы – пәнаралық бағытқа көшу. Американың Аризона штатының университеті (АМУ) бізге пәнаралық бағытты оқу бағдарламасын қайта құру үшін де, университеттің пәлсапасы ретінде де қалай қолдануға болатынын көрсетеді. 2008 қаржы дағдарысынан кейін бюджеттің күрт қысқаруына тап болған АМУ өзі-өзі қайта қарастырудың басқыншыл жоспарын бастады. Бұл университеттің «пәнаралық қайта пішіндемелеу» мен бірқатар жаңартпалық көпсалалы шеберлік орталықтарын құруды қамтыды. Өнер тарихы, хабарнама және әлеуметтік серпін мен күрделілік сияқты дамып келе жатқан салалардағы бірлескен тағайындаулардың үздік табысты саны тұрақтылыққа бағытталу арқылы жасалды. Бұған қол жеткізілді, өйткені АМУ өзінің мәдени, әлеуметтік-эконóмикалық және табиғи жағдайын қамтиды; әлеуметтік қажеттіліктерге байланысты бола отырып әлеумет-

тік өзгерісті тездетеді; өзінің білімін қолданады және жаңашылдықты ынталандырады; пәндердің шеңберінен шығу арқылы білімді жасайды; өзара тиімді серіктестіктер арқылы қоғамдастықтармен байланысады; жергілікті, аймақтық және халықаралық деңгейде адамдармен жұмыс жасайды; әрбір бірегей оқушының жетістікке жетуіне ұмтылады; демек, оның зерттеулерінің мақсаты мен әсері бар. АМУ бірлескен мүдделер мен *неолиберализм*, яғни жаңа ықтиярлық парадигмасына тәуелділігін әлі күнге дейін сақтап келеді,¹¹ бірақ бізге баспалдақты қамтамасыз етеді. Бұл нұсқаны еуропалық университеттерге жаю үшін алдымен Еуропаның өзінің сәйкестік дағдарысын шешуіміз керек.

Еуропалық жоғары білім мен оны түрлендіру төңірегіндегі шатасулардың басты мәселесі – бұл университеттің не үшін қажет екенін білмеуімізде. Заманауи еуропалық университеттер үш түрлі елде дамыды, үш түрлі дәстүр қалыптасты, олардың әрқайсысы университет не үшін керек екеніне қатысты әртүрлі түсініктерге ие болды. Вильгельм фон Гумбольдт (1807-ші жылы) дамытқан неміс дәстүрі, университеттің мақсаты ғылым мен білім берудің алға басуы деп санайды. Гумбольдттың нұсқасы іргелі зерттеулерге бағытталған; ал академиктердің өздері университеттерді алқалы түрде басқарады. Француздық Наполеон нұсқасы (1806-шы жылы) университеттің мақсатын ұлтқа қажет білім мен тәжірибе беру деп есептейді. Университеттің негізгі мақсаты қоғам мен үкіметті басқаратын мамандарды даярлау болып табылады. Кардинал Джон Ньюменның үлгісінде (1852-ші жылы) британдық дәстүр университеттің мақсаты – халықты да, империяны да басқару үшін сараптық білім мен білікті мамандар даярлау деп біледі. Жеке тәлімгердің мінезі мен құзыреттілігін дамытуға баса назар аударылады, ал басқару құрылымы университетті кәсіби басқару болып табылады. Бұл дәстүрлер «университеттер еуропалық нұсқа негізінде жұмыс жасайтын еуропалық университеттерде және бүкіл әлемде шиеленіс тудыра отырып бірігіп кетті».¹² Технологиялық өзгерістердің жылдамдауы, жаһандық өзара байланыстар мен күрделіліктің өсуі бұл көзқарастың жоқтығын өткір сәйкестілік дағдарысына айналдырды.

Біз университетті «әңгіме, әлемді және өзінің болмысын жалпы білімге ұмтылу аясында түсінуге тырысатын адамдар әңгімелесуге және пікір алмасуға жиналатын жер» деп түсінуіміз керек.¹³ Сұхбатқа белсенді қатысатын қоғам ретінде университет міндетті түрде белгілі бір жерде табиғи тұрғыда орналаспауы керек, бірақ оны жаһандандыру оңай – мұнда қазіргі заманғы қатысымдық технологиялардың көмегі маңызды. Бұл халықаралық және мәдениаралық сұхбатта өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық дами түседі. Сонымен, университеттің әдептік атқару міндеті біздің ұғымдарымызға үнемі және жүйелі түрде сараптау және олардың тез өзгеретін әлемде алға жылжуы үшін жұмыс жасау болып табылады.

Білім қоғамдары және білім өндірісі

Білімнің дәстүрлі әдістерінің және университеттің білім қоры ретіндегі жеткіліксіздігі сандық технологиялармен өсіп келе жатқан, технологияларды жетік білетін Z буыны барған сайын шүбә келтіруде.¹⁴ Батыстың білім беру тәсілдері батыстық емес қоғамдардың мәнмәтініне қисынсыз бола бастаған пәндер мен бөлімдерге бөлінген. Пәндер гамбургерлер мен кола сияқты: оларды кез-келген жерде жеп-ішу дегеніміз олардың әмбебап және жұмақта жаратылғандығын білдірмейді. Пәндер кейбір «шындықтың» ішінде болмайды, бірақ әлеуметтік тұрғыдан құрылып, белгілі бір дүниетанымдық көзқарастарға және мәдени орталарға байланысты дамиды және өседі.¹⁵ Пәндер айналасындағы дәстүрлі білім өндірісі біраз уақыттан бері өзгеріп келеді және оның орнын пәнаралық, бытыраңқы, күрделі және көбінесе белгісіздік деңгейі жоғары болатын үлестірілген білім өндірісі пайда болды. Жоғары білім, оқыту және зерттеу белгілі бір мәнмәтінге, белгілі бір қоғамдастыққа, белгілі бір жағдайға сәйкес келетін жаңа білімді құруға бағытталуы керек.¹⁶ Университеттердің атқару міндеті «білім қақпашыларынан тәлімгерлерге, жасаушыларға, дәнекерлерге, білімді куәландырушылар мен кодтаушыларға» өзгеруі тиіс.¹⁷

Жаңа білімге деген нақты тәсілдердің бірі болып бұл ғалымдар мен сарапшыларды ғана емес, сыншыларды, белсенділер мен кәсіпқой маман емес адамдарды қамтитын «кеңейтілген құрдастар қоғамдастығының»

құрылымы табылады. Әртүрлі тараптар өздерінің «кеңейтілген мән-білерін» әкеледі – бұл жергілікті білімді, байырғы тұрғындардың білімін, тарап кеткен құжаттарды және сарапшылардың көз алдында болмаған басқа материалдарды қамтуы мүмкін; түпкілікті өнім – бұл «білімді демократияландыруға» әкеліп соғатын *полілóg*. Полилóg ұстанымдар мен болжамдар әртүрлі көзқарастар тұрғысынан келіспейтін және күмән келтірілетін, жинақтау арқылы пайда болатын көптеген және көбінесе қайшылықты көзқарастарды, сонымен қатар барлық көзқарастарды бағалауды қамтиды. Бұл басым парадігмалар ғимаратына біртіндеп ойықтар мен сызаттар түсіреді.

Парадігмалар: Ескі және міндетті түрде жаңа емес

Парадігманың өзгерісі сенімнің, метафизиканың («*метафизика*» (орта грек сөзі *μεταφυσικά*, көне грек тілінен *τὰ μετὰ τὰ φυσικά* – «физикадан кейінгі нәрсе») – пәлсапаның бір саласы, Иммануил Канттың «таза ақыл» арқылы пәлсапалық көзқарасына сәйкес шынайылықтың бастапқы табиғатын, дүниесін және болмысын зерттейді) және дүниетанымның негізгі жиынтығының өзгерісін қамтуы қажет. Қолданыстағы парадігмалардағы жаңа әдіснамалар бізді жаңа парадігмаға әкелмейді. Жаңа парадігмалар туралы діскурс осылайша тұйыққа тіреледі; ол ескі парадігмаға негізделген әдістерді қолдана отырып, жаңа парадігманы құруға тырысады, бұл оны қолдайтын метатабиғи құрылымды алып тастауға жол бермейді.

Заңдылықты жоғалтатын саладағы әртүрлі түсініктер арасында зиятты күрес пайда болған кезде, қажет заңдылықты қамтамасыз ету үшін ішкі және сыртқы дoксалар («*дoкса*» (ежелгі грек сөзінен *δόξα* – «пікір», «көзқарас») – «жалпы қабылданған пікір»). Бұл арнайы сөз Ежелгі Грекияда пайда болған және шешендік арнайы сөз. Софистер «дoкстарды» өз мақсаттары үшін пайдаланды немесе жоққа шығарды, сол арқылы тыңдаушыларды (пациенттер деп аталатындарды) өз пікірлерін өзгертуге мәжбүр етті, ал пациент өзі туралы басқаша емес, әрқашан осылай сенген деп ойлайды. Рим Республикасында және қазіргі әлемде бұл әдіс құқықтану мен саясатта қолданылады. Платон «дoк-

саға» қарсы шығып, оны білім мен надандық арасындағы нәрсе деп есептеді. Ол «*дóкса*» үкімдердің ақиқатында классикалық қателіктерге әкеледі деп есептеді. Парменид «дóксты» елес көрініс деп санады) зорлап міндеттеледі. Әдістемелік дóксаның осы түріне қарсы тұру осы саладағы ежелгі дәстүрлерге қарсы тұру дегенді білдіреді. Зерттеушілер өз әдістерінен тыс ойлай алмайды, өйткені бұл әдістер олар қабылдаған шындықты анықтайды. Өзгерістер табиғатының өзі қорқынышты, шиеленіскен және күрделі, және оны басқарылмайтын капиталистік және технологиялық күштер болып көрінетін нәрселер басқарады. Парадигмалық қақтығыстар бұл тек пәндер арасындағы қақтығыстар болып табылады. Ескі пәндер құлап, жаңалары көтерілуі немесе пәнаралық тәртіпке ауыстырылуы болуы мүмкін, бірақ ескі *парадигма* қалады. Алайда, жаңа парадигмаларға бару жолында тұрақтылық пен трансдисциплинарлықты, яғни пәнаралықты («трансдисциплинарлық» (латын тіліндегі *trans*, «арқылы») демеулік сөзінен және латын тіліндегі *disciplinae*, көпше түрінде «оқу пәндері» деген сөзтіркесінен шыққан арнайы сөз)- біртұтас көзқарас жасау үшін көптеген пәндік шекараларды кесіп өтетін зерттеу тәсілін білдіреді), пайда болатын күрделілікті ескеріп, болашаққа нық бағытталуы керек деген түрлендіру жасаушы ғалымдар арасында ортақ пікір бар.


Тұрақтылық және тұрақты болашақ

Тұрақтылықтың пайда болуы барлық оқу пәндері мен оқу салаларында дүрбелең тудырды; және «тұрақты даму» сөзінің синонимі ретінде жиі қолданылатын тұрақтылық қазір «қалыпты» діскурсаға айналды. Брундланд Комиссиясының баяндамасында тұрақты даму болашақ ұрпақтардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне нұқсан келтірмей, қазіргі заманның қажеттіліктерін қанағаттандыру ретінде анықталды.¹⁸ Тұрақтылықтың өзі жаңа *парадигма* емес.

Орнықты даму капитализмге бағынышты деп сынға алынды, бұл «тұрақты болашақ» туралы жаңа діскурстың пайда болуына себеп болды.¹⁹ Атауынан көрініп тұрғандай, ол болашаққа бағдарланған, бірақ сонымен бірге *экология* мен әдепнамаға негізделген және көбінесе праг-

матикалық («прагматизм» (ежелгі гректің *πράγμα* сөзінен, ілік септікте: *πράγματος* – «іс», «әрекет») – ақиқат пен мағыналық мәннің өлшемшарты ретінде тәжірибеге негізделген пәлсапалық ағым) педагогикалық әдістерді шығаруға бағытталған.

Әдепнамаға университеттің бағыттарына қалай кірігетініне, алуан түрлілік пен мәдени мәселелерге қалай басымдық берілетініне және тәлибтер мен профессорларға сыни сұрақ қою әдісін қалай сіңіруге болатындығына көп көңіл бөлінеді. Тәлибтерді жоғары білімнің қатып қалған ілімдік қырларынан аулақ ұстау керек. Тұрақты демократиялық оқу бағдарламасы әдепнамаға, санаға, жайсыздыққа және тәлибтермен профессорлардың өзара ынтымақтастық, әрекеттестік және бәсекелестік жағдайында әңгімелесуіне және бірлесіп оқуына негізделген.²⁰



Бұл жүйелік ойлаудың маңыздылығына назар аудару арқылы қол жеткізіледі, бұл дегеніміз өзара байланысты немесе бір-біріне тәуелді құрамдас бөліктер жиынтығының бір-біріне қалай әсер ететінін түсіну үдерісі – тәлибтер үшін «бірлескен оқу жұмыс» және «қоғамдастыққа қатысу және қоғам құру дағдылары» болып табылады. Болашақтың таңдаулы өлшем көрсеткілерін анықтауға бағытталған жоспарлау үдерісі болып есептелетін елестетудің маңыздылығын атап өту керек.²¹ Әр қадамы ойластырылған жоспар құрғаннан гөрі, елестету навигация құралы ретінде әрекет етеді және оны таңдаған бағытына қарай жылжуға мүмкіндік беретін бағдарларын ұсынады. Алайда, тұрақты болашақта жалпы назар пәндерді бұзуға емес, пәнаралық және трандисциплинарлық шеңберде жұмыс істеуге аударылады.

Трансдисциплинарлық, яғни пәнаралық; жаңа парадигмаларды қалыптастыру

Төмендегі кестеде пәндердің әртүрлі түрлері көрсетілген. Пәнішілік зерттеулер жай бір пән шеңберінде жұмыс істейді; пәнаралық тексеру бір пәнді екінші пән тұрғысынан қарастырады; пәнаралық зерттеулерде «әртүрлі пәндердің адамдары бірлесіп жұмыс істейді»; пәнаралық әдістер «тәсілдердің жинақтауын қолдана отырып, әртүрлі пәндерден алынған білімдер мен әдістерді ықпалдастыққа»; «пәндік болашақтардан тыс зияттық құрылымдардың бірлігін құруға» бағытталған.²²

Парадигма емес, әдіс ретінде қарастырылатын трансдисциплинарлық (немесе пәнаралық), оны ең болмағанда жоғары білім шеңберіндегі қолданыстағы әдістемелер мен затқа айналдыруға және пайдалануға жол бермеу үшін ғана күш ретінде кеңінен қарастырылады. Әдеттегідей жұмыс істеуге әдеттенген оқытушыларға едәуір қиындық туғызатын, бағынбайтын екі ұштылықты сақтау – трансдисциплинарлық күрделі жүйелерде бағыт-бағдар беру үшін өте қажет.

Күрделілік және кешенді жүйелер

Алдымен ненің күрделі және ненің құрмалас екенін ажырата алуымыз керек. Күрделі жүйе бір шүйке жіп тәрізді: бұл уақыт пен едәуір күш жұмсауды қажет етуі мүмкін, бірақ уақыт өте түйіндерді шешуге болады. Құрмалас жүйелер бізге мүлдем басқа құбылысты ұсынады. Құрмалас жүйе – бұл бәрінің басқа барлығымен байланыстыратын күрделі және ойластырылған өрмекке ұқсайды. Өрмекті тарқату мүмкін емес; неғұрлым көп күрескен сайын, сіз соғұрлым шиеленісе түсесіз. Әлемнің өзі күрделене түседі.²³ Күрделілік жай ғана маңызды теория («теория» (грек тілінде: θεωρία «қарау», «зерттеу») мәнбілерді барабар түрде түсіндіруге, үдерістерді талдауға, олардың дамуын болжауға және реттеуге мүмкіндік беретін көзқарастардың, пайымдаулардың, ұстанымдардың реттелген және негізделген жүйесі; зерттеу пәні туралы білім қорытылып, жүйеленетін және ұғымдар, санаттар, пайымдаулар, қорытындылар тұжырымдалатын таным деңгейі) емес. Біздің әлемнің құрылымы осындай және қазір осылай жұмыс істейді. Білім

мен жоғары білімге қатысты айтатын болсақ, күрделілік бізге ескермеу мүмкін емес кейбір пікірлерді зорлап міндеттейді. Күрделілік бізге мынаны айтады: біздің әлем жаһанданған және өзара байланысты; өзгерістерді тек пәнаралық шеңберде мағыналы түрде зерттеуге болады; білім қоғамдастық ішінде қалыптасады және үнемі кеңейіп отырады; білім беру ашық сұрақтарды қажет етеді; оқу – бұл белгілі бір адам болу; және жоғары оқу орындарындағы түрлендірулерді жарлықтармен, белгіленген жоспарлармен және күн тәртібімен түйістіру мүмкін емес.

Демек, күрделіліктің жаңа мүмкіндіктер ашып, бізді жаңа парадигмаға апаратын мүмкіндігі бар – бұл үстемдік құрған сенім жиынтықтарының, дәстүрлі құрылымдар мен таным, болмыс және әрекет ету тәсілдерінің шын мәнінде түбегейлі өзгеруі. Бірақ оның нәтижесін алдын-ала білу мүмкін емес. Анықтама бойынша пайда болуын болжауға немесе алдын-ала анықтауға болмайды. Алайда, бұл жаңа құрамдас бөліктер мен түсініктерге, демек, шектеусіз мүмкіндіктерге әкелуі мүмкін. Бұл біздің үмітіміз бен өзімізді өзгерткені сияқты, басқа адамдарды және басқа нәрселерді де өзгертеді.

Болашақ және құндылықтар мәселесі

Болашақты зерттеу жанама түрде бірнеше көзқараспен жұмыс істейді; оның негізгі жорамалы болашақтың бір емес, бірнеше нұсқасының бар екендігі туралы болып табылады. Ол негізгі тіректері ретінде күрделілікті де, трансдисциплинарлықты, яғни пәнаралықты да қамтиды; және көптеген білімге, сондай-ақ білім өндіруге арналған құралдарға бағытталған. Болашақты зерттеу әлемнің күрделілігін немесе әрдайым орын алатын оның үнемі күрделенуін ескермеуі мүмкін. Болашақты болжаммен немесе стратегиялық («*стратегия*» (ежелгі грек тілінде: *στρατηγία* – «қолбасшының өнері») ұзақ уақыт кезеңін қамтитын жалпы, егжей-тегжейлі емес жоспар, күрделі мақсатқа жету жолы, әскери істерде, кейінірек жалпы кез келген адам әрекеті) жоспарлармен басқару немесе бақылау мүмкін емес, бірақ олар ашық болып, түбегейлі өзгеріске ұшырай алуы керек.

«Білімнің болашағы қандай болатынын шешпес бұрын, алдымен қоғамның болашағы қандай болатынын анықтау өте маңызды». Қоғамға қатысты екі себепшартты ескеру қажет: қоғамның қайсы болашағы қазіргі үрдістермен шартталған болуы мүмкін; және қоғамның қайсы болашағыны біз үмітіміз бен тілегімізді беруіміз керек. Тиісінше мәселе, әрине, бұл құндылықтар туралы мәселе. Біз күштен қажеттілікке өтуіміз керек; демек, біз қандай құндылықтарға бағынғымыз келетінін және болашақта құрғымыз келетін қоғам туралы өміршең түсінікке ие болуымыз тиіс.²⁴

Болашақты ойлау арқылы пайда болатын білім тек сыртқы әлемдегі үрдістер мен мәселелерге негізделмеген, сонымен бірге мәдениетпен, дәстүрмен, адамзаттың іш тартушылық әлемімен, билік пен әрекеттер мәселелерін талдаумен байланысты және ол негізінен деректер мен мәнбілердің шеңберінен шығатын құндылықтар мен мағыналар жүйесін қамтиды. Болашақты мағыналы ойлау мен зерттеу жоғары білімді теңдікке, алуан түрлілікке және әлеуметтік әділеттілікке ықпал ететін адамгершілік кәсіпорны ретінде қабылдауды мақсат етуі керек.

Жаңа түсінік

Жаңа, нақты анықталған жоғары білім беру парадигмасы болмаған кезде бірқатар тақырыптар айқын көрінеді:

1. Жоғары білім белгісіздікпен, жылдам технологиялық өзгерістермен, мақсаттар, құндылықтар және эпистемология дағдарысымен шиеленіскен.
2. Университеттерді қайта қарастыру әрекеттері онша көп емес.
3. Сонымен қатар, біз университеттерді саяси және экономикалық биліктен тәуелсіз адамгершілік және зиятты құрылым ретінде қарастырғанымыз жөн.
4. Білім өндірісінің тәсілдері өзгеруде.
5. Біздің жаһанданған әлеміміз барған сайын өзара байланысты және күрделі болып келеді, өзектілігін сақтау үшін жоғары білімге күрделі және білінбейтін мүмкіндіктер туралы көбірек түсінік қажет.

6. Оқуды былай қойғанның өзінде, бірде-бір пән күрделі мәселелер мен сұрақтарды шеше алмайды.
7. Күрделі пәндер күрделі және ортақ тәсілдерді қажет етеді.
8. Дүние күн өткен сайын тұрақсыздануда; және білім тұрақтылықты қамтуы керек.
9. Болашақты зерттеу, қазіргі білімді тексеру, сонымен қатар білімді өндірудің және берудің жаңа және баламалы тәсілдеріне шығармашылық бағыт алуы үшін жоғары білім беруге енгізілуі тиіс.
10. Жоғары білім берудің мақсаттары, оқу бағдарламаларын құру, оқыту, білім өндірісі, университеттердің қызметі, түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері және мансапқа жету жолдары туралы көптеген болжамдарымыз қазір қате болмаса да, қазір маңызды болмай қалды.

Біз жаңа парадігмалардың пайда болуына үлес қоса аламыз, сонымен қатар оларды қалыптастыруда белсенді рөл атқара аламыз. Алайда бұған бір ғана мегажоба («мега» (mega сөз тіркемесі көне грек тілінен шыққан: μέγας, латын тілінде: mégas, сөзбе-сөз мағынасы: «ұлы» – миллионның көбейткішін білдіретін метрикалық бірліктердегі бірлік тіркемесі. (106 немесе 1 000 000) Оның М бірлік таңбасы бар. 1960-шы жылы СИ халықаралық бірліктер жүйесінде (SI) пайдалану үшін расталған) арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Ол жылдам өзгертін жағдайларға үнемі бейімделіп отыратын қайталанатын үдерісті қажет етеді. Карта дегеніміз аумақ емес. Бұл жаңартпалық дискурстар, жаңа пәнаралық зерттеу әдістері, жаңа білімнің күрделі, белгісіз, желілік, жаһандану әлемінде және пайда болу кезеңіндегі соншалықты жаңа емес парадігмаларда қалай өндірілетіндігі туралы жаңаша түсінік болып табылады. Бірақ жоғары оқу орындарындағы түрлендірулер мен жаңа парадігмаларды қалыптастыру бағыты ашық.

Әдебиеттер

1. Рубини, Нуриэль және Стивен Мим. 2011-жыл. Дағдарыс экономикасы: Қаржы болашағына жылдам жол. Penguin баспасы.
2. Китинг, Майкл және Дэвид МакКроун. 2013-жыл. Еуропадағы социал-демократияның дағдарысы. Эдинбург: Эдинбург университетінің баспасы.
3. Купитт, Дон. 2012-жыл. Ақылақтық билік дағдарысы. Жаңа басылым. SCM Press баспасы.
4. Эйблз, Том П. 2001-жыл. «Университетті қайта қарастыру». Форсайт 3 (6): 563-68. doi:10.1108/14636680110420486.
5. Томозин, Симона Елена және Иоана Топала. 2014-жыл. «Білім беру парадигмаларын неге өзгертуіміз керек?» Procedia – Әлеуметтік және мінез-құлық ғылымдары 142 (тамыз): 586-91. doi:10.1016/j.sbspro. 2014.07.670.
6. Эндерс, Юрген және Оливер Фултон, ред. 2002. Жаһандану әлеміндегі жоғары білім: халықаралық үрдістер және өзара бақылаулар: Ульрих Тейхлердің құрметіне арналған мерейтойлық жинақ. Дордрехт; Бостон: Kluwer Academic Publishers баспасы.
7. Олиф, Фил, Винсент Паласиос, Игрид Джонсон және Майкл Личман. 2013-жыл. «Жақында терең мемлекеттік жоғары білімнің қысқаруы студенттерге және алдағы жылдардағы экономикаға зиян тигізуі мүмкін | Бюджет және саясат басымдықтары орталығы. 19-шы наурыз. <http://www.cbpp.org/research/recent-deep-state-hipereducation-cuts-may-harm-students-and-the-economy-for-years-to-come>.
8. Флаэрти, Коллин. 2014-жыл. «Жоғарғы Айова штатының оқытушылары оқу бағдарламаларындағы өзгерістерге күмәндану үшін жұмыстан айырылғандарын айтады». 22-ші шілде. <https://www.insidehighered.com/news/2014/07/22/faculty-members-upper-iowa-u-say-they-lost-jobs-questioning-curricular-changes>.
9. Курадж, Адриан, Люк Георгиу, Дженнифер Кассинджена Харпер және Ева Эгрон-Полак, ред. 2015-жыл. Жоғары білім берудегі бірігулер мен бірлестіктер. Швейцария: Springer International Publishing баспасы. <http://www.springer.com/gb/book/9783319131344>.
10. Эйблз, Том П. 2001-жыл. «Университетті қайта қарастыру». Форсайт 3 (6): 563-68. doi:10.1108/14636680110420486.
11. Кроу, Майкл М. және Уильям Б. Дабарс. 2015-жыл. Жаңа Америка университетін жобалау. Балтимор, Мэриленд: Джонс Хопкинс университетінің баспасы.
12. Скуласон, Палл. 2015-жыл. Университеттердің сыны: қазіргі университеттің мәртебесі мен бағыты туралы ойлар. Рейкьявик: Исландия университетінің баспасы.

13. Дэл сол жерде.
14. Ак, Том. 2016-жыл. «Z ұрпағы – неге бізге болашаққа дәлелді университеттер керек – University World News». Университет әлемі жаңалықтары. 10-шы маусым. <http://www.universityworldnews.com/article.php?story=2016052514252692>.
15. Сардар, Зиауддин. 1997-жыл. «Дамудан тыс: Исламдық көзқарас» Винсент Такер (редактор), Даму кезіндегі мәдени болашақтар, Фрэнк Касс, Лондон.
16. Моравец, Джон В. 2013-жыл. «Таным қоғамы: «жаңа» жұмыс және білім». Джон Моравецөндеген. Көкжиек үстінде 21 (2): 79-83. doi: 10.1108/10748121311322978.
17. Вольф, Джулианна К. және Дэвид В. Эндрюс. 2014-жыл. «Жоғары білімнің өзгеретін рөлдері: тәлімгер, бағалаушы, байланыстырушы және талдаушы». Көкжиек үстінде 22 (3): 210-17. doi: 10.1108/OTH-05-2014-0019.
18. Брундтланд, Гро Гарлем. 1987-жыл. «Біздің ортақ болашағымыз: қоршаған орта және даму жөніндегі дүниежүзілік комиссияның баяндамасы». Біріккен Ұлттар. http://conspect.nl/pdf/Our_Common_FutureBrundtland_Report_1987.pdf.
19. Тонн, Брюс Э. 2007-жыл. «Болашақтың тұрақтылығы». Болашақтар 39 (9): 1097-1116. doi:10.1016/j.futures.2007.03.018. Конуэй, Мари. 2012-жыл. «Тұрақты болашақ: жоғары білім не ұсынады». Әлеуметтік баламалар 31 (4): 35-40. Су, Я-Хуй, Ли-Йиа Фэн, Чао-Чин Ян және Цзу-Линг Чен. 2012-жыл. «Мұғалімдер университет студенттерінің тұрақты болашақ үшін өмір бойы білім алуын дамытуды қалай қолдайды: студенттің көзқарасы». Болашақтар 44 (2): 158-65. doi:10.1016/j.futures.2011.09.008. Кемпен, Элизабет. 2014-жыл. «Тұрақты болашаққа арналған арнайы шығарылым: редакциялық мақала». Халықаралық тұтынушыларды зерттеу журналы 38 (5): 443-443. doi: 10.1111/ijcs.12132.
20. Киль, Л. Дуглас және Эуэл В. Эллиотт, редакторлар, 1997-жыл. Әлеуметтік ғылымдардағы бейберекеттік теориясы: негіздері және қолданбалары. Түзетілген басылым. Мичиган университетінің баспасы.
21. Уилер, Кит А. және Энн Перрака Бижур, редакторлар, 2000-жыл. Тұрақты болашаққа арналған білім: 21-ші ғасырға үміт парадигмасы. Ғылыми білім мен технологиядағы инновациялар. Нью-Йорк: Kluwer Academic/Plenum Publishers баспасы.
22. Йенсениус, Александр Рефсум. 2012-жыл. «Пәндер: Intra, Cross, Мульти, Интер, Транс». ARJ. 12-ші наурыз. <http://www.arj.no/2012/03/12/disciplinarity-2/>.
23. Дильгер, Александр. 2012-жыл. «Іштей құрылған күрделілік, мамандандыру және жалпы білім». Көкжиек үстінде.20 (1): 49-53.
24. Дэйтор, Джеймс А., редактор, 2002-жыл. Болашақтар: жоғары білімдегі болашақ зерттеулері. Прегердің 21-ші ғасырдағы зерттеулері. Вестпорт, Коннектикут: Прегер.

Исламданудан білім ықпалдастығына дейін жету

Зиауддин Сардар

Дәл осы білім арқылы ұлт, қоғам немесе өркениет саналы түрде өткен ұрпақтың жинақталған дағдыларын, білімдері мен даналықтарын болашақ ұрпаққа береді. Білім қоғамның мәдени ерекшелігі мен тарихи мұрасын сақтап қана қоймай, оның жеке құрылым ретінде өмір сүруін қамтамасыз етеді. Өзінің өмір сүруін қамтамасыз ететін құндылықтар мен мәдени қасиеттерді сақтауға және беруге бағытталған өзінің күрделі білім беру жүйесі жоқ қоғам не отарланады, не өзінің дүниетанымының жеке құрамдас бөліктерін жоғалтады. Тиісті білім беру мекемелерінің болмауынан адам да, қоғам да зардап шегеді. Адам діни құндылықтар мен мәдени ерекшеліктің жағымды сезімін дамытуға болатын әлеуметтік құралдан құр алақан қалды. Қоғам адам капиталдан айырылады, соның нәтижесінде құндылықтар мен дағдылардан бастап басқару, заң, сауда, қаржы, өнеркәсіп және мәдени өндіріс салаларының барлығы дерлік қалпына келтірілмейтін құлдырауға түседі.

Тіпті егер мұсылман қоғамдары ортақ құндылықтарға ие болса да, өркендеген білім беру жүйесі болмаса, оның «бөлісуге боларлық білімі аз болады». Бұл «дағдарысқа», мұсылман қоғамдары «мұсылмандар алған білімнің барлығы дерлік дүниежүзілік құндылық тұрғысынан бір түнде пайдасыз болып қалған» XVII ғасырдан бері тап болуда¹ Сондықтан біз теңдеудің екінші жағын теңестіруіміз керек: «біздің рухани құндылықтарымыз өз қоғамдарымызды құлдықтан қорғауға қабілетті күш-қуатсыз өмір сүре алмайтынын мойындауымыз керек».

Тарихқа қайта оралу

Біздің білім мен білім беруге қатысты алаңдаушылықтарымыз бен сындарымыз Исмаил Раджи Әл-Фәруқи мен Ислам көзқарасының халықаралық институты (ХИОИ) «Білімді исламдандыру» жобасын бастауға итермелеген себептерден алыс емес. Әл-Фәруқи және оның әріптестері батыстан түгелімен таңылған және берілген, өзінің негізгі жорамалдары және дәлелденбеген қағидаттық тұжырымдамаларымен толықтырылған

заманауи білім беру жүйесі мұсылман қоғамдарының құндылықтар жүйесін жойғандығын түсінді. Мұсылман елдеріндегі батыстандырылған университеттер әдетте орта таптағы Батыс мәдениетін және онымен бірге жүретін қалыптар мен құндылықтардың үлгісі ретінде келтіріледі. Олар беретін білім жеке тұлғаның рухани дамуына назар аудармайды немесе нұқсан келтіреді, сонымен қатар барлық деңгейлердегі білім берудің материалдық, яғни заттық немесе мүлктік жағын баса көрсетеді.

Әл-Фәрукидің «*Білімді исламдандыру: жалпы қағидалар мен жұмыс жоспары*» (осы уақытқа дейін *Жұмыс жоспары* деп аталатын) беттерінен көрінетін ең айқын нәрсе – оның мұны мен ызасы. Мұсылмандардың қиын жағдайында өте айқын жанталас бар: «ғасырлар бойы құлдырау мұсылмандар арасында сауатсыздықты, надандық пен ырымшылдықтың таралуына себеп болды». Қаһар көбінесе Батысқа бағытталған: ол «үмбетті ажыратып тастады»; мұсылман қоғамдарының «сенімі мен мәдениетінің ең басты негіздеріне» нұқсан келтірген «зайырлы білім жүйесін» күшпен де, сендіру арқылы да енгізді; және «жақсы ойластырылған және жоспарланған *стратегия*» арқылы «оқу бағдарламасындағы ислам құрамдас бөліктері шындық пен қазіргі заманға байланыста болмауын» қамтамасыз етті.

Алайда, бұл жерде нақты айтылған бір нәрсе бар: «исламдық әдіснаманың алғашқы қағидалары». Мен мұны ашық әдіснама да емес, ислам дүниетанымының негізгі аксиомалары («*аксиома*») (ежелгі грек тіліндегі сөзінен *ἀξίωμα* «мәлімдеме», «ұстаным», *ἀξίωο* – «лайықты деп санаймын», «өкіректтеймін», «талап етемін») немесе *postulát* (латын тіліндегі *postulatum* сөзінен – сөзбе-сөз «қажет» деген мағынаны білдіреді) – белгілі бір теория шеңберінде дәлелдеуді қажет етпей ақиқат деп қабылданған және оның басқа ережелерін дәлелдеуде қолданылатын кейбір немесе теорияның бастапқы ұстанымы, олар өз кезегінде теоремалар деп аталады) деген болжам жасаушы едім. «Исламның және исламдық барлық нәрсенің бірінші қағидасы» Алланың Бірлігінен бастап, *Жұмыс жоспары* бізді жүйелі түрде жаратылыстың бірлігіне (ғарыштық тәртіп

және бәрінің өзара байланысы), білімнің бірлігіне, өмір бірлігіне (адамның тіршілік етуі – бұл Құдайдан келген *аманат*, ал адамдар – біздің жер бетіндегі саяхатымыздың қамқоршылары, тұрғындары немесе *халифалары*), адамзаттың бірлігі және ақыр соңында аян мен ақылдың бірін-бірі толықтыратын сипаты. Бұл аксиомалардың барлығы бізге білімге ұмтылу үшін де, мұсылман білімін түрлендіру үшін де керемет негіз береді.

Жұмыс жоспары бізге әлеуметтік ғылымдардың заманауи пәндері мен ислам дінінің мұраларын игеріп, екеуін біріктіруді ұсынады. Ол жерде мұсылман ғалымдары исламның дүниетанымы және оның құндылықтарына сәйкес алып тастау, өзгерту, қайта түсіндіру және бейімдеу арқылы жаңа (батыстық) білімдерді ислам мұрасының құрамына кіріктіруі керек делінген. Осы нәрсе *Жұмыс жоспарының* мәселе тудыратын тұсы.

Жұмыс жоспары қазіргі қоғамда білімнің қалай өндірілетіндігі, пәндер қалай дамығандығы және олардың атқаратын қызметтері туралы, сондай-ақ білім мен дүниетаным арасындағы байланыс туралы жеткілікті дәрежеде хабардар еместігін көрсетеді. Сонымен қатар кейбір дәстүрлі және кертартпа мұсылмандар арасында ислам тарихынан, әсіресе исламның қалыптасу кезеңінен біздің барлық ауыртпалықтарымызға нақты және толық шешімдер көру үрдісін атап өту керек. Біздің тарихи мұрамыз «қарама-қайшылықтар мен түбегейлі баламалардан тұрады» және белгілі бір уақыт пен мәнмәтінде «адам тәжірибесі туралы ойлау жазбасы» ретінде бағалануға лайық.

Осылайша, біздің болашақ саяхат бағдарымыз біздің талдауымызды *Жұмыс жоспарының* бірінші қағидасына, зиятты тарихымызды шығармашылықпен пайдалануына және қазіргі қоғамда білімнің қалай өндірілетініне, қолдау көрсетілетініне және қолданылатынына қатысты әлдеқайда жетілдірілген түсінікке негізделеді деп болжайды.

Білім құрылымы

Білім мен дүниетаным бір-бірімен тығыз байланысты. Білім әрдайым мәдениет пен дүниетанымның аксиомалары мен болжамдарына енгізіл-

ген және сол мәдениет пен дүниетаным шеңберінде өндіріледі. «Заманауи білімнің» құрылымы және оның әртүрлі пәндерге бөлінуі Батыс дүниетанымының тікелей өнімі болып табылады. Шындық бөлшектенген деген ой-ұғым қандай да бір объективті және әмбебап аксиомаларға негізделмеген; керісінше, бұл белгілі бір мәдениеттің «шындықты» қалай көретініне және оның «сыртындағының» бәрін қалай түсінуге, басқаруға, бақылауға және бағындыруға ұмтылуына сәйкес жасалған құрылыс. Пәндер батыстық қоғам мен дәстүрдің белгілі бір табиғи, материалдық, яғни заттық немесе мүліктік, ақыл-ой және зиятты мәселелерін шешу үшін дамыды және өрбіді. Қандай тәртіп болмасын, жалпы баяндау бірдей болды: Батыстың дүниетанымын мәңгі ету.

Оқу пәндердің біздің бағалауымыз керек тағы үш қыры бар. Біріншіден, олар тәртіпке салады, яғни бұл жазалау және білімді түзету. Екіншіден, олар болашақты өзіне бағындырады. Үшіншіден, олар Батысқа өзінің түпкілікті күшін, анықтау қабілетін береді. Батыс бостандық пен ілгерілікте; құқық, *демократия* және адам құқықтарын; ненің шынайы екендігін және адам болу деген не екендігін анықтайды. Білім беруді түрлендіру дегеніміз – қазіргі әлемдегі билік пен анықтамалықтың тіректеріне соққы беру.

Мұсылман қоғамдарындағы білім беруді түрлендірудің міндеті осылайша біз осы кезге дейін елестетіп келгеннен әлдеқайда тереңірек. Оның екі негізгі құрамдас бөлігі бар: қазіргі білім жүйесінің және оның батыстық дүниетанымының анықтамалық күшін қайта құру; және ислам дәстүрін ескеретін және оқуды құрайтын нәрсені және оның ілгерілеуін неғұрлым ізгілікті және құнды бағалауды ұсынатын білім қалыптастырудың балама парадигмаларын жасау. Жаңа парадигмалардың қажеттілігі мұсылмандардың жай ғана мәселесі емес. Шынында да, қазір үстемдік етуші парадигмаларға күмән келтіріп, адамгершілік парадигмаларына шақыратын Батыс пен Шығыс ғалымдарының саны артып келеді. Заманауи мәнмәтіндегі өзгерістер және жаңа технологиялар мен жаңартпаларды енгізудің үдемелі қарқындары осы талаптарға өзектілік берді.

Заманауи мәнмәтін

Түрлендіру өзінің табиғаты бойынша болашаққа бағытталған жаттығу болып табылады. Бірақ ол қазірден басталады; біз өмір сүріп және жұмыс істеп жатқан мәнмәтінді бағаламай, мағыналы түрлендіру жасау мүмкін емес. Биліктің Қытайға, Үндістанға, Бразилияға және қайта қалпына келіп жатқан Ресейге ауысуы кезінде Американың әлемді басқаратын ескі парадигмасы бұзылуда. Ғасырлар бойына тұрақтылықтың негізі болып табылған оқу пәндерінің өзінде елеулі жарықтар пайда бола бастауда. Сонымен, біз барлық әлеуметтік, мәдени және зиятты қырларында кездестірген дағдарыс тек мұсылман қоғамдарымен шектеліп қана қоймайды. Батыс және бүкіл әлем өткір дағдарыс жағдайында.

Басқа жерде мен күрделілікке, қарама-қайшылықтарға және бейберекеттікке (ЗС) баса назар аударған қазіргі қиын және өзгермелі уақытты «кейінгі қалыпты уақыт» ретінде сипаттадым. Теорияның атқарымы – осы уақытқа дейін Батысты және қалғандарын басқарған қалыпты парадигмалардың құлдырап бара жатқандығын баса көрсету. Кейінгі қалыпты уақыт тәсілі бәрінің өзара байланысына («жасампаздық бірлігі»); Шығыс пен Батыс, біздің бәріміз тап болатын көп өлшемді саяси, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және мәдени сын-қатерлерге («адамзаттың бірлігі»); және барлығымыздың жер бетінде өзара тәуелді өмір сүретіндігімізге («өмір бірлігі») назар аударады. Сонымен, алғашқы қағидалар кейінгі қалыпты уақытта бағыт-бағдар беру үшін де, бүкіл адамзаттың болашақ тіршілігі үшін де маңызды болып шығады. Осы аксиомалардан басталатын білім өндіруге деген кез-келген әрекет, олар исламдық ойлау мен дүниетанымға негізделсе де, өзіндік әмбебап болып табылады.

Тіл туралы сұрақ

Тіл – бұл біз үйренетін, үйрететін, өзгеруге бейімдейтін және білімді тереңдететін негізгі құрал. Бұл біздің дүниетанымымызды қалай анықтайтындығымыздың, өзімізді жеке тұлға және қоғам ретінде қалай қабылдайтындығымыздың және оны өзгерту үшін әлеммен байланысымыздың ажырамас бөлігі. Дегенмен, тіл екіұштылыққа толы және қате түсіндіру немесе түсінбеу үшін қолайлы негіз. Мәдениет сияқты

тілдің де көп қатпарлы тарихы бар, ол кең археологиялық ескерткіш, пайда болған мағына қоймасы. Сонымен, біз тілді қолдануымызда тиянақты болуымыз керек.

Біздің жаңа парадигмаларға қарай жылжуымыздағы бірінші міндетіміз – «сипаттаманың әртүрлі деңгейлеріне негізделген үйлестірілген пен егжей-тегжейлі арнайы сөздер жинағын» әзірлеу, бұл өз алдына «үстіңгі айырлануды шешу үшін маңызды құрал» болып табылады. Біз қолданатын арнайы сөздер белгілі бір тарихпен байланысты, жағымды және жағымсыз түсініктерге ие және осылайша мәселелі болып келеді. Мұндағы жалпы мақсат – әралуандыққа бет бұрған исламның ұғымнамалық құрылыстарынан және кейінгі жаңашылдық ой-пікірлерде белсенді түрде насихатталған жаппай толық релятивизмнен, яғни салыстырмалылықтан қорғану. Көптеген арнайы сөздер осы мақсатқа қол жеткізу үшін талдауды қажет етеді.

Мәнмәтінді түсіну және түрлендірудің көпшілік қабылдаған тілдік әр-алуан еркіншілігін дамыту үшін бізге дәстүр мен қазіргі заман, мәтін мен мәнмәтін, тұрақтылық пен серпінділік сияқты дәйекті және табанды түрде қарсы тұратын іргелі айырлануларды шешу қажет. Бұл қайшылықтар қоғамдарды тығырыққа тірейді. Күрделі жүйелерде жиі кездесетін қарама-қайшылықтар негізінен бір-біріне қарама-қайшы, бітіспес көзқарастар болып табылады, оларды шешу мүмкін емес: оларды тек жеңу мүмкін.

Мұсылмандар өздерінің ерекше қайшылықтарымен бетпе-бет келдік деп ойлайды және тек мұсылмандарға сәйкес келетін зерттеу бағдарламалары мен мекемелерін құрады. Бұл күрделі, өзара байланысты әлемге қарсы қысқартылған тәсіл. Батыста біз көріп отырған дін мен зайырлылықтың, сондай-ақ әдептік және технологиялық мәселелердің қарама-қайшы мәселелері мұсылман қоғамдарының да мәселелері болып табылады. Осылайша, әлем алдында тұрған негізгі ақылақтық-әдептік, саяси, әлеуметтік, ғылыми, технологиялық және мәдени мәселелер түрлендіру бағдарламасының ажырамас бөлігі болуы керек.

Бірақ шынымен де қосылу үшін біз талқылауда барлық ықтимал мүдделі тараптарды қатыстыруымыз керек. Бұл дегеніміз, біз шығу тегі, жастары, жыныстары, діни ұстанымдары және көзқарастары әртүрлі адамдарды кездесулерге саналы түрде шақыруымыз керек, содан кейін оларға өз көзқарастарын білдіруі үшін жеткілікті орын беруіміз керек. Біз олардың қажеттіліктерін, уайымдары мен қалауларын тікелей түсіну арқылы жастарды тәрбиелеуіміз керек. Мұндай құрмет пен жастардың дауыстарының болмауы мұсылман қоғамдарында кездесетін көптеген мәселелердің негізгі себептерінің бірі екені сөзсіз. Әлемнің барлық жастарына болашаққа бағытталған және мәнмәтінделген жаңа тілді оқыту біздің күш-жігерімізді және білім ықпалдастығының жаңа парадигмасын жасаудың жалпы атқару міндетін күшейтеді.

Алға жылжу

Біздің мақсатымыз – білім, жасампаздық, өмір мен адамзат ықпалдастықтанған әмбебап шеңбер ретінде қабылданатын алғашқы қағидаларға негізделген жаңа парадигманы құру. Осылайша, біз алға ұмтылудың ықпалдастық және қосулы болып табылатын және Басқаны қабылдауды қамтитын сананың жаңа тәсілі екенін түсінуіміз керек. Біз мұсылман қоғамдарында ойлау мен ізденіс рухын жаңғыртуға, сәйкестендіру саясатынан шабыттандырушы құндылықтарға бет бұруға, заманауи әлеммен өзінің барлық күрделілігі мен қарама-қайшылықтарымен қарым-қатынасын ынталандыруға және заманауи әлемде көшбасшылық рөлдерді атқару үшін толығымен дайын көзі ашық азамат ретінде қалыптасуға мүмкіндік беретін үдерісті бастауды мақсат етеміз.

Біз неғұрлым қол жеткізгіміз келетін нәрсені және оған қол жеткізуіміз үшін керек нәрсені біріктірсек соғұрлым тұтас сурет пайда болады. Шын мәнінде, біздің айтып отырғанымыз – әлем тек ол туралы әңгіме айтылу үшін жаратылмады; ол жүзеге асырылуы керек. Осылайша біз дәрістер жинақтарының жаңа жиынтығын құруды мақсат етеміз: білім жүйесі, жаңа парадигмалар, тұжырымдамалар, арнайы сөздер жинағы, ережелер, біз үшін мәні бар тұжырымдар, олар арқылы біз билік пен ұғымнаманы бұзып, әлемді жұмылдырамыз және өзгертеміз.

Біз өзіміз нөлден бастап толығымен құратын діскурс қоғамдастық желісінен бастауды ұсынамын. Желі қоғамдастықпен бірігіп, дамыған сайын, ол жаңа білім шығарады, ал жаңа білім діскурсты құнарландырып, оны алға жылжытады. Біріншіден, біз құндылықтардан бастауымыз керек, яғни бұл «ислам ойлау тарихындағы рационализм сынына жауап ретінде алдымен дінтануда (*қаламда*, араб тілінде: *الكلام*) көтерілген сұрақтарды қайта қою» керек дегенді білдіреді. Екіншіден, біз білімнің қалыптасуының баламалы парадігмаларын шығару мақсатында заманауи білім жүйесінің анықтамалық күшін қайта құрып, мұсылман қоғамындағы білім мен білім берудің қазіргі парадігмасын зерттеуіміз керек. Мақсат – неғұрлым қосулы және адами, бірақ сонымен бірге исламның зиятты тарихы мен дәстүріне негізделген баламаларды шығару. Үшіншіден, біз өзіміздің мұрамызды оның алуан түрлі әртүрлілігінен көруіміз керек. Біз мұсылман өркениетін адамзат өркениеті ретінде қарастыруымыз керек. Бізге адамзаттың жетістіктері ретінде мұрамыздың неғұрлым үйлесімді және ықпалдастықтанған бейнесін жасау үшін бізге ислам және ислам тарихын зерттеушілер, сонымен қатар тарихшылар мен пәлсапашылар, суретшілер мен романистер, әдебиеттанушылар мен өнертанушылар тобы қажет. Төртіншіден, бізге қазіргі заманғы үрдістер – олардың мұсылман қоғамдарына қалай әсер ететіндігі, әлеуметтік, экономикалық және мәдени мінез-құлықты қалай өзгертетіні, тілектері мен мақсаттарын қалай тудыратыны туралы жұмыс жасап, олардың болашақ мұсылмандар ұрпағына әсерін зерттеу үшін әлеуметтанушылар, сыншылар мен футурологтар тобы қажет. Түрлендіру бойынша құрылымдық жұмыс тек болашаққа көз жүгірте отырып жасалуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Abdelwahab El-Affendi, Abdulkader Tayob, Abdulaziz Sachedina and Anwar Ibrahim алынған дәйексөздер олардың 2014-ші жылғы 8 қазандағы «Reform in Higher Education» атты ХИОИ отырыстарындағы: Abdelwahab El-Affendi, «The Reconfiguration of Muslim Higher Education: Some Points for Reflection»; Abdulkader Tayob, «Identity and Islamic Educational Reform», Abdulaziz Sachedina, «Reform of Education in the Muslim World»; және Anwar Ibrahim, «Reflections on Abdelwahab El-Affendi's «The Reconfiguration of Muslim Higher Education: Some Points for Reflection» and Jeremy Henzell-Thomas's Comments» мақалаларынан алынды. Джереми Хензелл-Томастың дәйексөздері оның электронды поштасы арқылы кеңейтілген түсініктемелерінен алынған.

Біз іздеген ықпалдастық

Джерemi Хензелл-Томас

Батыс мәдениетінің табиғи үрдісі тәжірибеден үйренуге мүмкіндік берудің орнына ескерту, көмектесу, үйрету, нұсқау беру және жетілдіру болып табылады. Мүмкін, қазіргі әлемге американдықтар бағалайтын – жүгіру, орманда өмір сүру және тірі қалу дағдылары қажет. Бұлар ақыл-кеңес сияқты дағдылармен қатар мәдениетін сақтау үшін қажет болды, сонымен қатар жансезімдік денсаулық мәселелеріне толы заманауи әлемде үлкен сұранысқа ие болуда.¹ Осы мәнерлердің тепе-теңдігі бізге жаңа болашақ туралы менің қалағанымдай түсінік бере алады.

Бізді осы жаңа ықпалдастықтанған білімге бағыттайтын ұғымдар кең кең кескінді көзқарас, әрі жан-жақтан, әрі қашықтықтан көрінетін көрініс болуы керек, сонымен бірге қажет болған кезде бізге терең назар аударатын өріс тереңдігі болуы қажет. Ол үшін, біз, ең алдымен, пішіндердіналуан түрлілігі шексіз және үнемі өзгеріп отыратын, бірақ соған қарамастан, бірнеше қатпарлы және көп қырлы шындықта сипаттамалардың әртүрлі, бірақ бірін-бірі толықтыратын деңгейлері, әр нәрсенің қайнар көзі болып табылатын және әр алуандығы мен көптігі түпкілікті біртұтастық пен келісімді табатын өзгермейтін мәні бар екенін түсінуіміз керек.

Білім беру саласындағы әртүрліліктің осы біртұтастығын қамту үшін біз адамның шындықты өзара қарама-қайшы ұстанымдарды тудыратын және оларды қолдайтын бәсекелес, бір-бірін жоққа шығаратын ұғымдарға, тәсілдерге және ой парадигмаларына бөлуге деген ұмтылысы салдарынан туындаған үлкен кедергіге сыни тұрғыдан қарауымыз керек. Мен бинарлы ойлау мен айырлану бізге қарапайым «баяндаудың» басты белгілерінің бірі ретінде енгізілген деп ойлаймын, бұл бізге тез және шешімді әрекет етуге мүмкіндік береді. «Біз» және «олар» – бұл әрекетке, кінәлаушылыққа және алауыздыққа итермелейтін күшті үндеу. Керісінше, кез-келген ұсыныстың логикалық егжей-тегжейін мұқият тексеріп, барлық кішігірім диссонанс пен нюанстарға қиналатын өмір

тәжірибесінен қол үзген пәлсапашы ешқашан өз орындығынан тұрмауы мүмкін. Бұл батылсыздықтың дәрменсіздігі, әрине, шоғырдың бір жағы болып саналады, өйткені жылдам пікірдің шартты салдары немесе қалыптасып кеткен зиянды көзқарас басқа жағында жатыр, себебі бұл біздің «баяндау қателігіне» бейімділігімізді көрсетеді, бұл барған сайын күрделенген әлемді жұбататын қарапайым хикая. Біз жылдам ойлауға қарсы әлсізбіз, сондықтан көбінесе мұндай ойлаудың негізгі ерекшелігі болып табылатын айырлану қалыпқа бейім болып, үйреншікті және қарапайым болып қалады.

Біздің баяндауымызға тән кейбір арнайы сөздер туралы қысқаша ойлану ұғымдарды теңдестіру міндетіне және ықпалдастықтанған білімге өту үшін біздің санамызды дайындай алады. Мысалы, айырлану және *диалектика*, біздің алдымызда тұрған үлкен пікірталас сабақтастығының әртүрлі нүктелерінде тұр. Айырлану бір жағынан қарама-қарсылық пен шеттетуді тудырады, ал екінші жағынан *диалектика* екі айырмашылықты біріктіреді, пікірталасты логикалық және ашық салыстырымдық өлшем көрсеткілер шеңберінде алға жылжытады. Бәрі мінсіз болған жағдайда жинақтау дейтін *поллóg* нәтиже беруі мүмкін. Мәдени релятивизмді осы континуумнан да көруге болады. Ол тек ақылақтық бейбастықтың сәнді сөзі болудың орнына, «бәрі болады» ділінен «қарым-қатынасты» қалыптастырудың оңды қабілетіне ауысуы мүмкін. Бұл үздіксіздікке осындай диаметрлі қарама-қарсы анықтамаларды орналастыру *поллóg*тың пайда болуына мүмкіндік береді, әртүрлі мәселелер бойынша барлық көзқарастарды, соның ішінде мәдениеттер алуандығымен және уайым туғызатын «қазіргі заман» деген арнайы сөзді де мойындайды. Дәл осы уақыттағы әлемнің жай-күйін қабылдау және түсіну арқылы біз діни және мәдени әралуандыққа қарсы тұра аламыз. Адамның ақыл-ойы әр дәуірде әрқалай қалыптасатынын түсіну және бұл дәстүр жанды дәстүр болып қалуы үшін серпінді түрде өздігінен жаңарып, жаңа жағдайлар мен жаңа сұрақтарға жауап беруі керек. Басқаша айтқанда, адамның түсінігін дамытуда уақытты, орынды және адамдарды ескермеуге болмайды.

Ықпалдастық шеңбері

Адамдардың түсінігін дамыту үшін арнайы сөздер жинағын қолданудың нақты айырмашылықтары қажет. Мен айқын оңұстанымды қалай толықтыруға болатындығын қарастыру барысында «біріктіргіш болашақ» деген тіркесті енгіздім және мен «интеграл» арнайы сөзін (және оның «ықпалдастық» және «тұтастық» қатынастары) біздің ашуымыз керек жаңа болашақтың негізгі көрсеткіштері ретінде қабылдағым келеді.

Жан Жебсер адамзат сананың «ділдік» құрылымынан «біріктіргіш» құрылымына өту сатысында деп есептеді. Ол «ділдік» құрылымының жетілдірілмеген түрін оңтайлы материализмнің құндылықтардан еркін онтологиясы («*онтология*») (жаңа латынның *ontology* сөзінен шыққан, ол өз кезегінде көне грек тілінен шыққан *ὄν*, ілік септікте: *ὄντος* – «нақты», «бар нәрсе» + *λόγος* – «оқыту», «ғылым») – баршылық туралы ілім; сол сияқты болмыс туралы ілім; болмыстың іргелі қағидаларын, оның ең жалпы мәндері мен санаттарын, құрылымы мен заңдылықтарын зерттейтін пәлсапа саласы), яғни болмыс, заттар туралы жалпы білім туралы ілімі деп сипаттады, бірақ бұл құрылымды «құндылықтарға» қайта оралу арқылы жаңарту мүмкін емес, керісінше, сананың «біріктіргіш» тәртібіне өту қажет болды, ол дуалистік тұрғыдан қарама-қарсы санаттарға, бір жақты болашақтарға, бекітілген шеңберлерге және бәсекелес парадигмаларға қадалып қалмаған.² Дегенмен адам ойының жетілдірілген тәсілі болып есептелетін диалектикалық үдеріспен қалыптасып келе жатқан сананың біріктіргіш тәртібі арасындағы өзара сіңісуі тек жартылай ғана болып табылады. Кез-келген болжамды «біріктіргіш» сана тәртібіне қалайша, негізінен талдамдық құралдарға негізделген әдістеме арқылы қол жеткізуге болатын, жинақтау дәрежесін әрі қарай жалғастыра алатындығы мәселе болып қалады.

Айырланулардан тыс

«Батыстануды» немесе «исламдануды» жалпы дауа ретінде қарастыратын айырланудан тыс өз көзқарасымызды қалай кеңейте аламыз? Біз білімді өндірудің батыстық нұсқаларына және батыстық университеттердің үстемдігін қамтамасыз ететін барлық басқа себепшарттарға

«жету» тұрғысынан ғана жауап беретін «ақсақ үйрек» ділінен қалай шыға аламыз? Сайып келгенде, біз бүкіл адамзат үшін білім беру мәдениетін қалай қалыптастыра аламыз?

Біз ислам дәстүрінің ұмытылған немесе тоқырап қалған тұстарын заманауи дәуірде Құранның зерттеу рухын ішінара алып жүретін басқа зиятты және педагогикалық дәстүрлермен серпінді байланыс арқылы қалпына келтіріп, кері қайтара алатынымызды түсіну үшін кішіпейіл болуымыз керек. Бірақ бұл «қалпына келтіру» ислам өркениетінің алтын ғасырының жетістіктеріне қайта оралу емес, шынымен де шығармашылық үдеріс болуы керек. Ол осындай өркениетті тудырған құндылықтар мен қағидаларды қазіргі әлемде қалай жанартуға, қайта түсіндіруге және қолдануға болатындығын тексеруі керек.

«Біз сіздерді бір-біріңізді танып білулеріңіз үшін ұлттар мен ұлыстарға бөлдік» дейді Құранда. Дәл осы «қарым-қатынастың» берекесі мен үшін мәселенің мәні болып табылады. Біз біртұтас болашаққа жету арқылы, оны жаңа қалыптасқан сана, жаңа «ділдік құрылымына» ауысу немесе жай жаңа *парадигма* ретінде қабылдаймыз ба, мұның үшін «есту, көру және жүрек» сияқты адам қабілеттерінің жиынтығын қажет ететіндігін түсінеміз бе.

Біртұтас университет

Онда біз университеттің «сыни мекеме» ретіндегі атқарымын қалай кеңейте аламыз? Оңтайлылықтың немесе «сыни ойлаудың» дәстүрлі талдамдық құралдарын ғана емес, сонымен қатар зиятты пайымдау, қиял, ізденімпаздық, тәуекелге бел байлау, әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік үшін күрес, сондай-ақ адамның ақыл-ойы мен рухын босату, терең мағынасы мен мақсатын іздеу және адам болу дегенді білдіретін көзқарасты да қосу керек. Шығармашылықты, өз бетінше ойлауды, сондай-ақ сұхбат пен пікірталас арқылы ғана емес, сонымен бірге сүйіспеншілікті өзгерту арқылы әңгіме айтуды мен тыңдауды, сонымен бірге «басқаларға» жүгіне алатын ашық жүрек пен ақыл-ойдың кеңдігі мен қабылдаушылығын қосайық.

Мен «жүрек пен ақыл-ойды» кең ауқымды қабілеттерге (демек, шынымен де біріктіргіш болашаққа) деген тәсіліме әдейі қосамын, өйткені бізге берілген қабілеттерге ризашылық білдіруге шақыратын Құран сүрелерінде айтылған «ақыл-жүрек» дегеніміз бұл құрама мүше. (*фуад*, араб тілінде: *فؤاد*) Білімнің зиятты және рухани құрамдас бөлігі танымдылық жантану саласындағы заманауи жетістіктермен тиімді түрде үйлеседі, олар адам зиятын жалғыз біртұтас бірыңғай себепшартқа немесе «жалпы зият» себепшартына айналуына күмән келтіреді және оның орнына «бірнеше зиятты» көрсетеді. Білім мен түсініктің және жансезімді, әлеуметтік және ақылақтық зияттың үйлесімі дәстүрлі түрде «даналық» арнайы сөзімен ұсынылған және «жеке тұтастық, ар-ұждан мен тиімді мінез-құлықта» байқалады.³

Бірлестіктен немесе мінсіздіктердегі кез-келген басқа сыбайластықтан өзінің жоғары мақсаттарын қайта қалпына келтіру кезінде жоғары білім кейбір озық сыни қабілеттер мен әлеуметтік жауапкершілігі бар ізгілерді қамтуы мүмкін. Жақсы оқытушы тек *мұғалім*, білімді беруші ғана емес, сонымен қатар жанды тәрбиелеуші және мінезді дамытушы *мураббиди* (тәрбиеші, араб тілінде: *المربي*) болуы керек.

Білімді, құндылықтарды және қарым-қатынастың өзгермелі күшін ықпалдастыққа негізделген білім беру түрлендірілуі арқылы қол жеткізуге үміттенетін болашаққа қайта оралайық. Румидің әлемдегі бірлікті де, көптікті де түсінуі және «өзіңе апарар жол басқа жолмен өтеді» дегенді терең қабылдауы⁴ қазіргі заманғы білім беру түрлендірілуіне жол ашады, ол ерекшелік пен айырмашылыққа тәуелділіктен асып түсе алады. Айырлануға қосылу батыстыққа қарсы «қабылдамау» мен «екі айырылу» дисұстанымдарында өте айқын көрінеді, бұл діни және зайырлы білімнің ажыратылуына әкелді, бірақ бұл «исламдану» қозғалысында да бар. «Ықпалдастылық» көрінгенімен, ол «ерекшелік пен айырмашылыққа қарай бір қадам жасап жылдам шегіну үшін» «әмбебаптық пен бірлікке қарай бір қадам жасайды». Исламдану тәсілін ықпалдастыққа апаруға ұмтылатын жалған бастама ретінде сипатталуы мүмкін, бірақ ақыр соңында тек өзіне назар аударады және

Румидің айтқандарынан еш қорытынды шығармайды. Басқа жерде исламдану арқылы қорқыныш сезімін байқаусыз ұлғайту жаһанда ксенофобияның («ксенофобия») (грекше *ξένος* «бөтен» сын сөзінен + гректің *φόβος* «қорқыныш» зат есімінен) – біреуге немесе бөтен, бейтаныс, әдеттен тыс нәрсеге төзбеушілік; басқа біреуді жағымсыз және қауіпті деп қабылдау. Бұл жергілікті қоғамдастықтан «бөтен адам» санатына жататын адамдар санаттарын шығаруға, оларды саясатта, күнделікті өмірде, жұмысқа, білім мен әлеуметтік қамсыздандыруда кемсітуге әкеледі) төтенше көрінісіне алып келді.

Бұл екі түсінік те өте құнды, және кез келген жорымал қарама-қайшылықтарды шешуге апаратын бір жол – ол «радикал» сөзін саяси белсенділікке немесе жаңартпалық түрлендірулер мен өзгерістерге қатысты оның кейінгі қосымша мағынасында емес, «түбіріне» немесе шығу тегіне қатысты мағынада қабылдау. Арнайы сөздер жинағының энтропияның бұл арнайы сөзді экстремистерге («экстремизм») (латын тіліндегі *extremus* – «шамадан тыс», «шектен тыс» сын есімінен шыққан) – шектен шыққан және түбегейлі көзқарастарды (әдетте саясатта) әрекет тәсілдерін ұстану) қолданылатын «түбегейлету» мағынасында одан әрі қалай қысқартқаны өте айқын. Дәл сол сияқты біз «бірегейлік» сөзінің түбіріне жүгінуіміз мүмкін. Оның бастапқы мағынасы «біркелкілік» мағынасын беретін латынның *identitas* сөзінен алынған, «бірдей» деген сөзден шыққан латынша *idem* сөзінде жақсы көрініс табады. Барлық адамдарда Алла тарапынан бізге берілген, болмыс табиғатында өмір сүретін жалпы «бірегейлік» бар.

Осы мағыналық қазбалардың барлығында бар нәрсенің түбінде негізгі бірлік пен өзара байланысты білдіретін алғашқы тілді анықтай аламыз. Бұл «түбегейлі бірлік» өзінің терең мағынасында барлық қоғамдарда қажет болатын білім берудің түбегейлі түрлендірілуінің негізінде тұруы керек. «Мен және басқалардың» арасындағы жанды қатынастарында орналасқан біздің алуан түрлі ұқсастықтарымыз, бағдарларымыз бен құндылықтарымыз дуализм («дуализм») (латынның *dualis* сын есімінен – «қос») қандай да бір теорияның немесе тұжырымдаманың қасиеті,

соған сәйкес онда екі бастау (күштің, қағиданың, табиғаттың бастауы) ажырамас, бір-біріне қисындырылмайтын немесе тіпті қарама-қарсы өмір сүреді. Дуализм монизмге қарсы – нысандардың алуан түрлілігі түптеп келгенде біртұтас қағидаға немесе түпнегізге келетін көзқарас, сонымен қатар көпөрістілік, оған сәйкес көптеген күштер, қағидағалар мен бастаулар бар) орнатқан қатаң қарсылықтарды жоятын ортақ бастау мен орталықты табады. Енді біз «білімді ықпалдастық», сонымен қатар тек адамзат қабілеттерінің жиынтығымен қамтылуы мүмкін кең кескінді біріктіргіш болашақ арқылы «алға жылжимыз».

Әдебиеттер

1. Пит, Ф.Дэвид. 1994-жыл. Блэкфут физикасы: жергілікті американдық дүниетанымға саяхат (London: Fourth Estate), 57.
2. Жан Жебсердің адам санасындағы құрылымдық өзгерістерді сипаттауы оның «Әрқашан қазіргі кездегі шығу тегі» кітабында, Ноэль Барстадтың Алгис Микунаспен бірге авторланған аудармасында берілген (Афина: Огайо университетінің баспасы, 1985-жыл).
3. Кроу, Карим Дуглас. 1999-жыл. «Даналық пен парасаттың арасы: Ертедегі Исламдағы «Ақл» (ақыл-таным) қырлары», *Islamica*, 3:1.
4. Джалаледдин Румидің зияттың екі түрін ажыратуы үшін, Матнауи III, 2527-2528 және IV, 1960-1968-жылдар «d-тәртібінде» және «Сарамандық зият», Гай Клэкстонның «Қоян Миы мен Тасбақаның Ақылы: Неліктен сіз аз ойласаңыз, зият артады» шығармасын қараңыз (London: Fourth Estate, 1997-жыл).

Ықпалдастық тіліне қарай

Джерemi Хензел-Томас

Біздің көпшілігіміз Вавилон мұнарасы туралы Киелі Кітаптағы (христиандықтағы киелі кітаптардың жиынтығы) оқиғалардың кейбір нұсқаларын білетінімізге сенімдімін, тіпті білмейтіндер де «Вавилон» сөзінің ауыспалы мағынада қолданысын білетін болар, ол дыбыстардың шатысқан қосындысы немесе шудың өзара түсініксіз тілін білдіреді. Алайда Құран тілдер мен нәсілдердің алуан түрлілігі – бұл жазалау, мызғымас бірегейліктен және бір тілді және жалғыз мәдени тазалық пен келісімнен бас тарту деген пікірді қолдамайды. Керісінше, ол мәдениетті, тілді, нәсілді ғана емес, сонымен бірге дінді де алуан түрлілікте біртұтастықпен ғажап түрде белгілейді.

Діни әртүрлілік – бұл адамның қалыпты жағдайы. Бұл адамзат мәдениетінің, тілдерінің, нәсілдерінің және әртүрлі орталардың алуандығының салдары. «Аян әрқашан адамның мүмкіндігіне сәйкес келеді. Екі бірдей түрдің болмайтыны сияқты, екі бірдей ақыл болмайды. Алланың дауысы әртүрлі жолдармен, көптеген тілдерде адамның рухына жетеді. Бір шындық көптеген түсіну тәсілдерімен көрінеді».¹ Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.): «Менің халқымның алуан түрлілігі – бұл игілік», – деген.

Адам білімінің кеңею көкжиектері

Әртүрлілік берген білім мен түсініктің дамуының алтын мүмкіндігі Құран Кәрімдегі Қаламның рәміздігінде де бар. «Біз білім алу қабілеті бар, білімді жаратылыс болу үшін жаратылғанбыз. Оқу мен білім өзінің жаратылысы бойынша шоғырланған, сондықтан мен біздің түсіну барысындағы ілгерілеу үшін жауапкершілігіміздің және шамамыздың болуын *аксиома* деп есептеймін».² Бұл өсіп келе жатқан сананың өсуі туралы Құран аятында «Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?» делінген. (41:53) Бұл аят «адам баласының ғаламның кереметтеріне деген көзқарасын біртіндеп тереңдету мен кеңейтуді, сондай-ақ өзінің жансезімін

тереңірек түсінуді көрсетеді».³ Мұндай терең түсіну сананың өсіп жетілу кезеңінен кейін ғана мүмкін болады.

Білімнің дамуы мен сананың жетілуінің шешуші себепшарты *диалектика* («диалектика» (ежелгі грек сөзінен шыққан *διαλεκτική* «дауласу өнері», «арқылы» деген сөзден «ой қозғау»; «бөлек» + *λέγω* «айтамын», «түсіндіремін») – пәлсападағы дәлелдеу (негіздеу) әдісі, сондай-ақ рефлексиялық теориялық ойлаудың нысаны мен әдісі, осы ойлаудың болжамды мазмұнынан табылған қайшылықтарды зерттейді) үдерісі болып табылады. Айырланулық немесе екілік ойлау шындықты «басқаны» жоққа шығаратын және бәсекелес ұстанымдар арасында ешқандай ұқсастықты немесе сәйкестікті таба алмайтын үйектелген және қарсылық ұстанымды қабылдау арқылы бөлуге бағытталған. Диалектика дегеніміз – адамның барлық білімдері уақытша болатындығын түсінуден туындаған әңгіме және ойлау үдерісі. Ол арқылы қолданыстағы болжамды немесе ұстанымды нақтылауға, бірнеше дәлелдермен және көптеген балама көзқарастармен, дәлелдермен, пікір мен ой парадигмаларымен сыни әрекеттесу арқылы, ашық және құрметті сұхбат пен сұхбаттасушы кең қауымдастығы бар *полилог* («полилог» (грек сөзі *πολλολογος*, сөзбе-сөз «көптің сөзі» дегенді білдіреді) – көптеген қатысушылардың әңгімесі. Сөйлеушінің рөлі бір адамнан екінші адамға өтеді деп болжанады, әйтпесе әңгіме монологқа айналады (грекше: *μονολογος*, яғни «өз-өзімен сөйлесу»). Ол «диалог» сөзінің синонимі («синонимдер» (ежелгі грек сөзінен *σύν* «бірге» + *ῥωμα* – «есім») – толық немесе ішінара мағынасы сәйкес келетін сөйлеу немесе сөз тіркесінің бір бөлігінің сөздері), яғни мағынасы ұқсас сөз болып табылады, өйткені қазіргі қолданыста «диалог» арнайы сөзі міндетті түрде екі қатысушының болуын білдірмейді (бірақ грек тіліндегі *διά* сөз тіркемесі «диалог» сөзіндегі «арқылы» және грекше *δύο*- «екі» деген сөздерге және сол прото-үндіеуропалық түбірге қайта оралу **dwis* деген сөзге тікелей қатынасы бар). Осыған байланысты диалогқа полилогтағы сияқты кез келген қатысушылар саны қатыса алады) арқылы білім мен өркениетті ілгерілетуге тырысады.

Тимоти Уильямсонның «*Тетралог*» кітабында «Менікі дұрыс; Сіз қателесесіз» деген тақырыпша бар. Сократтық сұхбат дәстүрі негізінде жетілдірілген – бұл пойыздағы төрт адам арасындағы кеңейтілген талқылау. Олардың әрқайсысы басында өзінің дұрыстығына сенімді еді, бірақ әңгіме өрбіген сайын, салқын логикалық ойлаудан бастап, қызу жеке қарама-қайшылыққа дейін, олардың барлығы белгілі бір негізгі ұғымдар туралы ойларын қайта құру керек екенін түсінеді.⁴ «Дұрыс жауаптарды» бекітудің шеңберінен шығудың осы белсенді үдерісіне қатысты біз «жоғары деңгейлі білім алушының қабылдаған әлемін бұзу» мағынасында «мазасыздық тудырады» деген түсінікке ие бола аламыз және «аландаушылық тудырады, өйткені, сайып келгенде, тәлибтер нәрселер әрдайым олардан ойлағаннан өзгеше болуы мүмкін екенін көреді. Тәлибке, ол қанша күш жұмсаса да, қанша кітапханалық зерттеулер жүргізсе де, ол түпкілікті жауаптар болмайтынын түсінбейінше, жоғары білім алуы толық болмайды».⁵

Жақында жүргізілген зерттеулер топтық пікірталас өтірікті анықтайтын және «шындықты иіскеп табатын» керемет және жұмбақ күшке ие болатынын анықтады. Шын мәнінде, топтағы адамдар «өтірікті тіпті ең жақсы машықтанған адамға қарағанда анықтауға бейімді».⁶ Басқаша айтқанда, *полилог* ажырату қабілетін күшейтеді, бұл өлшемшарт немесе қалыпты шындықты жалғаннан ажыратуға мүмкіндік береді деп айтуға болады.

Бұл жерде «шынайы» деген сөздің мағынасы қандай болмақ деген кейбір қиын сұрақтар туындайды. Пойыздағы саяхатшылар арасындағы *тетралог* («*тетралог*») (ежелгі грек тіліндегі сан есімінен *τέσσδρες* – «төрт» + *λόγος* – «сөз», «ілім») – төрт адамның сөйлесуі) кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екендігі туралы қорытынды жасамайды, бірақ оқырманға өз шешімін шығаруына мүмкіндік береді. Диалектикаға негізделген қозғалыстың бағыты «шындық» деп белгіленуі мүмкін және «шынайылық» мөрімен белгіленген бағытқа бағытталған.⁷

Біздің алдымызда тұрған негізгі мәселелердің бірі – «шынайы» іспетті нәрсені бекітудің қиындығы мен заттардың «түпнұсқалық мәнінің» қаншалықты шынайы екендігі арасындағы айқын шиеленіс. Бұл біздің арнайы сөздер жинағын зерттеуіміз барысында шешуге тура келетін маңызды сұрақ туындатады. «Түпнұсқалық», «дұрыс» және «беделді» және түсіндіру мен мәнмәтінделуге ашық нәрселер арасында болуы мүмкін айырлануды қалай шеше аламыз? Біз қолданыстағы діни нәрселерді де, адамды да, аян мен ақыл-ойды, бірлік пен көптікті, «толық» және «толық емес», «белгілі» және «белгісіз» дегенді тілге қалай сыйғыза аламыз?

Біздің ойлағанымыз бен істегендеріміздің көпшілігінің негізінде тіл жатыр және біздің әрекеттеріміздің жоғары әдептік және рухани өлшемдеріне толықтай сәйкес келеді. Ислам көзқарасы бойынша әріптер мен сөздер жаратылған ғаламның мәні болып табылады. Сондықтан әділ, орынды, теңестірілген, әділетті және «тиісті мөлшерде және сайма-сай келушілікте» сөздерді қолдану қасиетті іс болып табылады. Ерік-жігермен бірге тілдің қасиетті сыйы бізге екі ұшы бар таяқ берді; ол не бүркемелеуі, көмескілеуі, шатасуы, алдануы, бүлінуі және зиян келтіруге итермелеуі мүмкін, немесе дұрыс пен жақсы нәрселерді жасауға итермелеуі, нақтылауы, анықтауы мүмкін.

Түсіндіруге болмайтын нәрсені түсіндіруге тырысқанда, дәруіштердің тілі өте нәзік, бұлыңғыр, тіпті түсініксіз болуы мүмкін, бірақ біз мән мен пішін арасындағы шиеленістен қашпауымыз керек. Ол сондай-ақ «түпнұсқа», «маңызды», «шынайы» және «беделді» арасындағы ықтимал айырлануды қалай шешуге болады? деген бұрын туындаған маңызды сұрақтарды көрсетеді. Бұл мәселені шешу біздің мұсылман қоғамдарында білім беруді жандандыру үшін білімді ықпалдастық туралы жаңа және серпінді діскурсты белсендіру, қалыптастыру және алға жылжыту үшін негізгі тіл ретінде сипатталуы мүмкін нәрсені табуға деген ниетіміздің ажырамас бөлігі болып табылады.

Үнемі бақылаусыздық пен бағыттан адасу қаупін болдырмайтын, сонымен бірге бізді жабық ақылдың жабық кітапты тар мағынада түсінуімен берілген жалған сенімділіктің тұрақтылығы мен құрғақтығынан алыстататын білімге ұмтылу барысында қағидалық құбылнаманы қалай ұстаймыз? Бұл бәрі бірде кемеңіз апатқа ұшырауына әкеледі. Егер біріншісі бізге релятивизмнің («релятивизм») (латын тіліндегі сын есімнен *relativus* – «салыстырмалы») салыстырмалылықтың мызғымас тұрақтылығынан және білім мазмұнының шарттылығынан тұратын әдіснамалық қағида/қағидат) бұралаңы болса, ол бізге сүйеніш болмайды, ал екіншісі – өктемшілік дәлелденбеген қағида мен «жазбаның» жойқын шыңы, адамның түсіндіруіне болатын, бірақ тасқа ойылған және мәнмәтін пен жағдайдан ажыратылған мәтіндерді зерттеу, бізді тұсайтын табанды нысандылық пен қатал сақтанымпаздық, заң, оның тыйымдары, нұсқамалары, үкімдері мен табулары туралы даулар, сайып келгенде, исламды театрлық дүрбінің бұрыс жағымен қарауға ұқсайтын бөлшектерге дейін жеткізу. Алға да, артқа да қарау арқылы біз бізді адамгершілігінен айырылған фундаментализмге («*фундаментализм*») (латын тіліндегі *Fundamentum* – «негіз» деген сөзінен шыққан) – өте кертартпа діни, пәлсапалық, ақылақтық және әлеуметтік қозғалыстардың жиынтық атауы. *Фундаментализм* көбінесе қазіргі қоғамда жүріп жатқан жаһандану және зайырландыру үдерістеріне саяси жағымсыз жауап болып табылады. *Фундаментализм* негізінен діни сипатта, бірақ тек дінмен шектелмейді) немесе қасиеттіліктен арылған ілгерішілдікке жол беруден сақтайтын тосындықты ұстанамыз.

Әлем туралы түсінігімізді қалыптастыруда діскурстың рөлі маңызды. «Діскурс – бұл әлеуметтік және мәдени білімнің мықты шектетілген аймағы, болжамдар, тұжырымдар, пәндер мен ұғымдар жүйесі. Әлем дәл осы діскурстар арқылы пайда болады».⁸ Егер діскурстың стратегиялық әрекеті белгілі бір деңгейде аудиторияның жантанулық бейімділігіне тәуелді болса, бұл сонымен қатар жантанулық бейімділіктің өзі діскурспен шартталатын өзара үдеріс. Ойлар мен сезімдер діскурс арқылы жасалады және күшейтіледі, дәл солай діскурс та оларды білдіру үшін қолданылады.

Шатасып кеткен арнайы сөздер жинағын ажырату

Фрэнсис Бэкон дәлелдер мен билікке арқа сүйеумен шектелген схоластикалық дәстүрден түбегейлі бас тартуға шақырғаны үшін түрмеге қамалған. Мұны істеу үшін біз ақыл-ойды алалаушылықтан, шарт қоюдан, жалған түсініктерден және ол «адам санасының пұттары» деп атаған және заттардың шынайы табиғатын өзгертетін күмәнсіз беделден тазарту арқылы «адамның пайдасы және игілігі» үшін білімді іс-қимылмен байланыстыруымыз керек және оның орнына сенімді білім алудың әдісі ретінде тікелей тәжірибеге, қабылдауға, бақылауға және «шын индукцияға» сенуіміз қажет. Мәдениеттанудың кең өрісіндегі дйскурсты сыни талдаудың негізгі тұжырымдамаларының бірін – мәтіннің өктемшіл қатынастарды құруда және қолдаудағы рөлін анық көреміз.

Тілдің жаңа мағыналары мен мәндері дамып келе жатқандықтан, ескі мәндер, байланыстырулар немесе мағыналардың естеліктерін шақыруының жойылуын рәсімдейтін қатаң заң жоқ. Осы тығырықтан шығарып, алға қойылған мақсаттарға сай болатын бағдарлы бағытты белгілеу үшін біз «тіл – бұл үйрену, үйрету, өзгеруге бейімдеу және білімді терендетудің негізгі құралы» деген нұсқаулықтан бастауымыз керек. Сондықтан біз негізгі арнайы сөздердің жиынтығын анықтап, «өзіндік әдіс-тәсілдермен оларға заманауи мағына беріп, оларды білім ықпалдастығы дйкурсына енгізуіміз керек».

Біздің бағдарымыз анықтамадан басталуы керек. Қаншалықты әдеттен тыс болса да кез-келген анықтамада қолданылатын сөздер кезекпен анықталуы керек, бұл сөздердің мағынасын дәл түсінуге ешқашан мүмкіндік бермейтін бітпейтін үдеріс. Ия, «әрiп» шатасулар мен алаңдаушылықтардың қате түсіндірудің және түсінбеушіліктің көзі бола алады, бірақ дәл осы себептен бізге білім ықпалдастығы туралы дәрістер жинағының негізін қалайтын ұғымдарға бағдар мен тепе-теңдік беретін глоссарий («*гlossарий*») (латын тілінде: *glossarium*, «глосстар жинағы» деген мағынаны білдіреді) – түсіндірмесі, кейде басқа тілге аудармасы, түсініктемелері мен мысалдары бар кез келген білім саласындағы жоғары мамандандырылған арнайы сөздердің сөздігі. Глоссарийлер жинағы

(түсіндірмесі бар кітап мәтіндегі бөгде немесе түсініксіз сөздер) және Глоссарийлердің өзі сөздіктің бастаушылары болды) қажет. Үш шарт – бағдар, тепе-теңдік және ықпалдастық – біздің мақсатымыз үшін маңызды негізді қамтамасыз етеді деп есептеймін Жаңа парадигмаға ықпалдастықтану кезінде біз «ақиқатқа» ұмтыламыз деген сенімнен қашпауымыз керек және ақиқатқа жету жолында орта жолмен жүруіміз керек. Бұл алтын мағына, «тиісті өлшем мен сәйкестіктің» қыры, соның көмегімен бәрі жаратылған. Сондықтан кез-келген тілдегі сөздерді орынды қолдану ұғымдардың шығармашылық геометриясына негізделуі керек. Және бұл «әділеттілік» мәселесі, оның терең мағынасы араб тіліндегі «сұлулықтың» (*husn*, араб тілінде: حسن) терең сезімі өзінде сұлулық пен ақылақтық артықшылықты біріктіреді.

Арнайы сөздер глоссарийін, яғни ескі мәтіндегі түсініксіз сөздерге берілген түсінігін, сөздігіне ықпалдастық тәсіл әр мәдениетте және өркениетте ең жақсысын тануды қажет етеді. Сонымен, бұл барлық адамзат тілдеріне енетін әмбебап ұғымдардың «алғашқы» тілін қалпына келтіруді қамту деп санауға болады. Жоғалғанды қайтару кезінде біз осы арнайы сөздердің бірте-бірте дамуын ұмытпай, болашаққа қалай қарайтынмызға шығармашылықпен қарауымыз керек.

Ең жақсы мағыналарды іздестіру

Қосарланған тілдік мұраға ие ағылшын тілі бір-бірінің орнына қолданыла алатын, бірақ мәнмәтіндік қолданысы мен шығу тегіне байланысты әртүрлі мағыналары бар сөздер арасында маңызды айырмашылықтардың болуына мүмкіндік береді. Бостандық пен еркіндік – бұл екі түрлі сөзден шыққан, бірақ уақыт өте келе дамып, заманауи сөйлеуде синонимдер, яғни мағынасы ұқсас сөздер ретінде бір-бірінің орнына оңай қолданыла бастайды. Уақыт өте келе тіл табиғи байланысты түрде дамиды және оны сұраныс бойынша түбегейлі өзгерту мүмкін емес. Тіл – бұл үдеріс және оны өзгерту немесе қалпына келтіру үшін үдерісті қадағалау керек. «Еркіндік» пен «бостандық» арасындағы соқтықпа және міншіл айырлануды орнатқаннан гөрі, негізгі ұғымдарға назар аударған әлдеқайда пайдалы, сондықтан қай сөзді қолдансақ та, біз оған екі сөзге

де байланысты мағыналар шеңберінен шыққан сезімнің ең жақсысы мен ең пайдалысын саламыз.

Бұрынғы ілеспе мағыналарды түсіну біз білімді ықпалдастық үшін қолайлы құрал бола алатын діскурс («*дискурс*» немесе «дїскурс» (соңғы латын тіліндегі *discursus* – «ой қозғау», «дәлел» деген сөздерінен шыққан; бастапқыда – «айнала жүгіру»), «босқалау», «бұлтарыс», «шыр айналу») – жалпы мағынадағы көп мағыналы арнайы сөз, сөйлеу, тіл әрекетінің үдерістері және оларды білдіретін ұғымдар жүйесі) құруда пайдаланғымыз келетін дөңгелектелген анықтамаларды қалыптастыруда пайдалы болуы мүмкін. Сөздің шығу тегі бізге «бірнеше сәйкестілікке» ие бола тұра, Құдайлық ерекше қасиетті біздің «бірегейлігіміздің» «түпнұсқа» өзегі ретінде қабылдайтын әртүрліліктегі бірліктің ықпалдастық көзқарасына адал болатынымызды еске салады. Жағымды және жағымсыз ұғымдар арасындағы қарама-қайшылықтың ең көрнекті мысалы – дерексізденген – «изм» жұрнағы сөзге қосылған кезде бағдарларын жиі түбегейлі өзгерте отырып, нақты тәжірибесін емес, дерексіз ұғымнаманы немесе ойлау жүйесін көрсетуге бейім. Ұғымдардың жасампаз әлемін ұғымнаманың дерексіз құрылымдарынан ажырата алатынымыз сияқты, біз де барлық тұрақты мағынаны жоятын релятивізм маркасының ықтимал тұзағынан хабардар болуымыз керек.

Барлық осы ойлар біздің қандай белгілі бір халыққа, оның мәдениетіне тән, мәдени және діни тиістілігімізге қарамастан, өзіміздің мәдениеттер алуандығы мен әралуандық туралы көзқарасымызды жай төзімділіктің қалыпты деңгейінен асып түсетін және өзара өзін-өзі түсіну мен түрлендірілу деңгейіне ұмтылуға итермелеуі мүмкін. Бұл «ықпалдастық» үдерісін қамтиды, ол ең алдымен жантанулық, адамгершілік және рухани даму арқылы пайда болатын жеке ықпалдастықты білдіреді.

Қорытындылай келе, білімнің ықпалдастығы туралы дәрістер жинағының негізін қалайтын өзіндік әдіспен анықталған негізгі арнайы сөздердің глоссарийін, яғни ескі мәтіндегі түсініксіз сөздерге берілген түсінігін, сөздігін жасауға кірісу өте маңызды.

Әдебиеттер

1. Раввин Абрахам Хешельдің адамның әртүрлілігіне тән шығармашылықты растауын ханзада Хасан Бин Талал өзінің «Басқамен сөйлесуге кіріспе: христиандар мен мұсылмандармен еврей дінаралық сұхбаты» раввин Джонатан Магонеттің келтіруі (London: I.B. Tauris баспасы, 2003-жыл), vii.
2. Сардар, Зиауддин. 2013 жыл. Болашақ: бәрі маңызды (Лондон: Ходдер және Стоутон баспасы), 97-ші және 101-ші беттер.
3. Асадтың «ғылым дәуірінің» Құран тамырларына қатысты пікірлері оның «Құран жолдауының» Алғы сөзінен, vi.
4. Тетралогты пәлсапашы Тимоти Уильямсон жазған және Оксфорд университетінің баспасында (2015-жылы) басып шығарған.
5. «Жоғары білімнің мақсаттары туралы ой-ұғымдар үшін», Р. Барнетт, The Idea of Higher Education (Open University Press және SRHE, Buckingham, 1990-жыл) шығармасын қараңыз.
6. Чикаго университетінің шындықты өтіріктен айырудағы топтық пікірталастың рөлін ашқан зерттеуіне Норвич епископы Грэм Джеймс 29/05/29 күні BBC радиосының 4-ші арнасындағы «Бүгінгі ой» бағдарламасында сілтеме жасаған. 2015-жыл.
7. Дәл сол жерде.
8. Сардар, Зиауддин. 2013-жыл. Болашақ: бәрі маңызды (Лондон: Ходдер және Стоутон баспасы).

Авторлар

ЗИАУДДИН САРДАР

Зиауддин Сардар, жазушы, тележүргізуші, футурист («футуристер» (латынның *futurum*, «болашақ» деген сөзінен шыққан), олар сондай-ақ футурологтар, болашақты болжаушылар, болжау тәжірибешілдері (ағылшын тілінен «foresight, болжау сыйы» және көкжиек сканерлері деген мағынаны білдіреді) мамандығы немесе қызығушылығы футурология немесе болашақтың болжамдары мен мүмкіндіктерін және олардың қазіргі кезден қалай пайда болуы мүмкін екенін, атап айтқанда адамзат қоғамы немесе жалпы Жердегі өмірді жүйелі түрде зерттеу әрекеті) және мәдени сыншы, халықаралық деңгейде танымал ғалым және қоғам зиялысы. Бұрын Мидлсекс Университетінің заң және қоғам профессоры, ол 50-ден астам кітаптың авторы, оның ішінде «Құран оқу; және Мекке: Қасиетті қала» және жоғары бағаланған өмірбаянның екі томдығы: «Жұмақ пен Ұлыбританияны шарасыз іздеу: Азиялық Ұлыбритания арқылы батыл саяхат». Оның «Ислам, Кейінгі жаңашылдық және басқа болашақ» атты екі жинағы бар: «Зиауддин Сардардың оқырманы» және «Сіз қайдан білесіз? Зиауддин Сардарды ислам, ғылым және мәдени байланыстар туралы оқу». Профессор Сардар *Nature and New Scientist* ғылыми тілшісі, *London Weekend Television* және 4 арнасында хабаршы болып жұмыс істеді және көптеген телеарналар мен радио бағдарламалар, соның ішінде *Battle for Islam*, *BBC* үшін деректі фильм жасады. Бұрынғы *New Statesman* шолушысы және ұзақ мерзімді *Futures* ай сайынғы журналының редакторы. Қазіргі уақытта ол әр тоқсан сайын шығатын *Critical Muslim* журналының редакторы және кейінгі қалыпты саясат және болашақты зерттеу орталығының директоры.

Джеремии Хензелл-Томас – Кембридж Университеті Исламды зерттеу орталығының ғылыми қызметкері (және бұрынғы шақырылған ғылыми қызметкер). Корольдік өнер қоғамының мүшесі және Мұсылман әлеуметтік ғалымдар қауымдастығының (Ұлыбритания AMSS) атқарушы комитетінің мүшесі, ол исламофобия («исламофобия» – ксенофобияның бір түрі («ксенофобия» (грек тілінен ζῆνος «бөтен» сын есімінен + грек тіліндегі φόβος «қорқыныш» зат есімінен) - біреуге немесе бөтен, бейтаныс, әдеттен тыс нәрсеге төзбеушілік; басқа біреуді жағымсыз және қауіпті деп қабылдау. Жергілікті қоғамдастықтан «бейтаныс» деп есептелетін адамдар санаттарын алып тастауға, оларды саясатта, күнделікті өмірде, жұмыста, білімде және әлеуметтік қамсыздандыруда кемсітуге әкеледі; исламға теріс әсер етудің әртүрлі көрсетулеріне ұжымдық анықтама, сондай-ақ соған байланысты әлеуметтік құбылыстар) мен нәсілшілдікке қарсы форумның (FAIR) бірінші төрағасы болды және Батыстағы исламды түсінуді жақсарту үшін Ұлыбритания мен АҚШ-тағы серіктес институттармен жұмыс жасайтын Ұлыбританиядағы тіркелген Book Foundation қайырымдылық қорының негізін қалаушы және бұрынғы атқарушы директоры. Қазіргі уақытта Critical Muslim журналының қауымдастырылған редакторы, ол сонымен бірге бірнеше жылдар ішінде Islamica және Emel журналдары үшін тұрақты бағаналар және The Times газетіндегі Credo бағаналарын жазды. Эдинбург университетінің қолданбалы тілтаным кафедрасының бұрынғы оқытушысы, ол өзінің филология және жантанулық тілтаным оқу мамандықтарын қоғамдық ислам мен мұсылмандар туралы түсінікке әсер ететін заманауи мәселелерге қолдануға және бірқатар әлеуметтік-мәдени сұхбат пен мәдени-білімдік мәнмәтіндердегі полилогты ілгерілетуге тырысады.

ХИОИ қысқаша кітаптар топтамасы, қысқаша түрде жазылған және оқырмандарға түпнұсқаның түпкі мазмұны туралы негізгі түсінік беруге арналған институттың негізгі жарияланымдарының құнды жинақтамасы.

Мұсылман қоғамдарындағы жоғары білім түрлендірілуі – білім берудің мақсаттарымен қоса келешекте парадигмалардың («*парадигма*» (грек тілінде: *παράδειγμα* – «үлгі», «нұсқа», «өнеге») жалпы өзгерісін білдіреді. Бұл қолданыстағы пәндерді түрлендіруді, жаңаларын шығаруды, сонымен қатар мұсылман қоғамның әдептік, рухани ережелерін тиімді түрде ескере отырып, өз кезегінде оның құрылымы мен рухани бірегейлігінің негізін құрайтын жетекші қағидаттарға сәйкес жұмыс атқаратын қазіргі білім(дер) мен дәрістер жинақтарын қамту арқылы жұмыс істеуді талап етуі мүмкін. Мұсылман қоғамдарындағы жоғары білім түрлендірілуі бөлініс құрудан гөрі, қазіргі заманғы желілік әлемнің көп түрлілігі мен алуандығын мойындайды және білімдегі нәтижесіз және біркелкі тәсілдерді алуан түрлі негіздер мен әртүрлі мәдениеттерде өмір сүретін шындықты кеңірек және жасампаз түсінумен алмастыруға тырысады. Ұстамдылық, тепе-теңдік және тиімді қарым-қатынас – негізгі пәлсапаның басты ерекшеліктері болып табылады.

